Сыр бойы

№172-173
(20646-20647)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

11 қараша, сенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев және Астанаға ресми сапармен келген Ресей Президенті Владимир Путин Қазақстан мен Ресейдің XIX Өңіраралық ынтымақтастық форумының пленарлық отырысына бейнебайланыс режимінде қатысты.

Жиын алдында Ресей Президентін салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы екі ел басшыларына рапорт берген соң, Қазақстан мен Ресейдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Содан кейін президенттер «Ақорда» резиденциясының Мәрмәр залына барып, форумға онлайн-режимде қосылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Өңіраралық ынтымақтастық форумы 20 жыл ішінде екі елдің өзара тиімді стратегиялық серіктестігін нығайтуға зор үлес қосып, өзінің маңыздылығы мен тиімділігін көрсеткенін атап өтті. Оның айтуынша, Қазақстан мен Ресейдің сауда-экономика, инвестиция салаларындағы және өнеркәсіптік кооперациядағы ықпалдастығы жылдан-жылға тұрақты түрде артып келеді.

– Бүгінде екіжақты тауар айналымы 27 миллиард долларға жетті. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Ресейден тікелей тартылған инвестиция көлемі 20 миллиард доллардан асты. Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік үлесі бар 42 мыңнан астам кәсіпорынның жартысына жуығы, яғни 19 мыңы – ресейлік компаниялар. Біз экономиканың өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, инфрақұрылым сияқты салаларында тығыз қарым-қатынас жасаймыз. Энергетика бағытындағы ынтымақтастық деңгейі артып келеді. Жақында Ресей газын Қазақстан аумағы арқылы Өзбекстанға тасымалдау жобасының іске қосылуы айтулы оқиға болды. Бұл жоба Орталық Азияның өңірлік тұрақтылығы мен энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуда шешуші рөл атқарады. «Татнефть» компаниясымен бірге қуаты жылына 340 мың тоннаға дейін бутадиен өндіретін Қазақстан-Ресей зауытының құрылысы басталды. Полиэтилен шығаратын кәсіпорын салуға қатысты келіссөздер аяқталды. 2019 жылдан бастап Өндірістік кооперация саласындағы бірлескен іс-қимыл бағдарламасы табысты жұмыс істеп жатыр. Қазірдің өзінде бұл бағдарлама бойынша құны 3,2 миллиард доллар болатын 30 жоба іске асырылды. Жалпы көлемі 27 миллиард доллардан асатын тағы 60-қа жуық жоба жүзеге асырылуда немесе пысықталуда. Мұның бәрі Қазақстан мен Ресейдің стратегиялық серіктес әрі одақтас екенін айқын көрсетеді, – деді Мемлекет басшысы.

2-бет

Жаңақорған: ҚЫР МЕН СЫРДЫҢ ҚҰШАҒЫ

Облыстың 85 жылдығы аясында аудандарға жасаған сапарымызды оңтүстікте орын тепкен Жаңақорғанда түйіндедік. Барлық сала бойынша жоғары жетістіктерге жетіп келе жатқан ауданда бүгінде 86 мыңнан астам адам тұрады. Бұл жөнінен облыста алдыңғы орында. Қасиет қонған құт мекенде кейінгі жылдары ауыл шаруашылығымен қатар қазба байлық өндіру қанатын кең жайды. Биыл «Алтын күз» мерекесінде агроөнеркәсіп кешенін дамытуда ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген Жаңақорған «Үздік аудан» номинациясын иеленіп, қара жерден несібе терген ағайынның мерейі тасыды. Талай ғасырдың сырын ішіне бүккен қарт Қаратау мен сылаң қаққан Сырдария өзенін бойлай жатқан жергілікті жұрт ауданның 95 жылдығы мерейтойын лайықты деңгейде атап өтті.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

4, 5-беттер

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАҒА 30 ЖЫЛ

ТЕҢГЕ – ДЕРБЕСТІК ТІРЕГІ

Ұлттық валютаның айналымға шыққанына алдағы күндері 30 жыл толады. Осы уақыт аралығында теңгенің түр-келбеті өзгеріп, құны да сан рет құбылды. 1993 жылдың 15 қарашасы – төл теңгеміздің туған күні екені баршаға мәлім. Десек те, кез келген жайттың көпшілік біле бермейтін белгісіз қырлары жетерлік. Тарих парақтарын ақтарып, теңгенің шығуына қатысты бірқатар мәліметпен таныс болдық.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

3-бет

МЫҢ БАЛА МАЗДАТҚАН МӘҢГІЛІК ТАРИХ

Көршілес Ақтөбе облысында тағылымы терең, берері мол айтулы шара өтті. Алты Алаштың айбыны болған жаужүрек мың бала мен олардың сайыпқыран сардары Сартай батыр Байжанұлының құрметіне арналған, елдік пен ерлікті дәріптеген жиын екі күнге созылды. Бейсенбі күні ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылып, соңынан көрермен назарына «Сартай батыр» спектаклі ұсынылды.

Тәуелсіздік алғанша ел қорғаған Сартай батыр туралы ақиқатты айту мүмкін болмады. Батыр бабаға арналған басқосуда ақын, сыншы Мырзан Кенжебай, философия ғылымдарының докторы Алтай Тайжанов, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, филология ғылымдарының докторы Бауыржан Жақып, тағы басқа азаматтар батырдың өнегелі өмірі мен өшпес ерлігі жайлы сөз етті. Ал жұма күні ұлы даланы қаһармандықпен қорғаған бабаларға арнап ас беріліп, Құран бағышталды. Қонақтарға «Сартай батыр – жаужүрек мың бала» атты кітап табысталды.

Сартай Байжанұлы 1711-1817 жылдары өмір сүрген. Оның ерлігі мен қолбасшылық қызметі туралы ақын Нұрмағамбет Қосжановтың «Сартай батыр» деп аталатын дастанында жырланады. Халыққа батыр жайлы деректің жетуіне осы шығарманың үлесі зор.

Өзі қатарлас жаужүрек жеткіншектер жасағын басқарған 15 жастағы Сартай Әбілқайыр ханның сарбаздары құрамында болған. Шұбартеңіз, Қалмаққырылған және Бұланты шайқастарына қатысқандығы туралы тарихи деректер бар. Сартай тек батыр ғана емес, би де болған. Генерал-губернатор О.Игельстромның 1785 жылғы Кіші жүзді басқару жөніндегі реформасы бойынша Сартай би, Көбек би және Мұратбек би үшеуі ел басқарған. Даңқты батыр әрі би 1817 жылы Қызылорда облысы Арал ауданы Ақшатау елді мекенінде қайтыс болып, Қазалы жеріндегі Қосымқожа қорымына жерленген.

СБ» ақпарат

САРАП

ҚАРЫЗҒА БАТҚАН ХАЛЫҚТЫҢ МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛМЕК?

Халықты толғандырған ең бір өткір мәселе – несие қарызы. Жасыратыны жоқ, қазір банктерден шектеусіз кредит алып, борышкер болып отырған азаматтарымыз көп. «Халық несие қамытын киді» десе де болады. Адамдардың несиеге тәуелділігі мен қаржылық сауатының төмендігі үлкен әлеуметтік проблемаға айналды. Қазіргі уақытта халықтың 84 пайызында, яғни 8,4 миллионнан астам адамның қарызы бар екен.

Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

Осыған орай ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі тұтынушылық несиелеу шарттарын қатайтатын шаралар ұсынды. Мақсаты – халықтың жүктемесін азайту. Әрине, алушының қаржылық жағдайына қауіп төндіретін қарыздың өсуіне жол бермеу бастамасы құптарлық. Дегенмен, сарапшылар пікірінше, макроэкономика тұрғысынан бұл тәсіл қауіпті. Себебі ол жиынтық сұранысты төмендетеді, жосықсыз қарыз алушылардың көбеюіне алып келеді.

Айта кетсек, кейінгі жылдары тұтынушылық несие көлемінің айтарлықтай өсуі 20 қазанда өткен парламенттік тыңдауда талқыланған басты тақырып болды. Билік халықтың қарызға батқанына алаңдаулы. Өткен қыркүйек айындағы Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та азаматтардың шамадан тыс қарыз ауыртпалығына назар аударып, жағдайды түзету үшін жаңа жүйелі шаралар қабылдау қажет екенін айтқан болатын.

Парламенттік тыңдауда Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасы Мәдина Әбілқасымова банктерде 90 күннен астам мерзімі өткен несиелердің деңгейі 5,2% немесе 0,5 трлн теңге екенін айтты. Мерзімі өтіп кеткен несиесі барлардың саны 516 мың адамды немесе жалпы қарыз алушылардың 7 пайызын құрады. Микроқаржы секторында 90 күннен астам мерзімі өткен несиесі барлардың саны 347 мың адам, жалпы сомасы 98 млрд теңге.

КІМНІҢ ҚАРЫЗЫ КӨБІРЕК?

Халықтың бұлай борышты болуының жалпы қабылданған бірыңғай критерийі болмаса да, төлемді төлеу деңгейі қарыз деңгейін бағалаудың ең жақсы көрсеткіші емес. Ең қарапайым әрі танымал әдіс – оны елдің жалпы ішкі өніміне пайызбен есептеу.

Осы көрсеткішке сүйене отырып, Қазақстан халқын қарызға батқан деп айту қиын. Халықаралық валюта қорының мәліметі бойынша 2022 жылы қазақстандықтардың қарызы ЖІӨ-нің 13,7 пайызын құрады. Ресей мен Польша да Қазақстан сияқты 1990 жылдардың басында экономикалық трансформацияны басынан өткерген елдерде бұл көрсеткіш 21,1 және 26,7%. Дамыған елдерде қарыздың ЖІӨ-ге қатынасы әлдеқайда жоғары. Германияда 55,1%, Францияда 66,2%, Ұлыбританияда 83,1%.

Бірақ бұл тәсілдің де кемшіліктері жоқ емес. Әртүрлі елдердің экономикалары құрылымы жағынан ерекшеленеді. Ал кейбір елдерде басқаларға қарағанда жұмыспен қамту және табыс тұрақтылығы жоғары. Неғұрлым дұрыс бағалауды Дүниежүзілік банктің аналитикалық шолуларынан табуға болады. Ондағы сарапшылар ауыртпалықты қарыздың әр отбасының кірісіне қатынасы арқылы өлшейді.

3-бет

ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы тақырыбына арналған форумның Қостанай облысында, яғни Қазақстанның нағыз астықты өлкесінде өткізілуінің символдық мәніне назар аударып, агроөнеркәсіп кешені саласындағы сауда мен өзара тиімді кооперацияны кеңейту үшін зор мүмкіндік бар екеніне тоқталды. Оның пікірінше, Қазақстан мен Ресей ауыл шаруашылығы өнімінің ірі өндірушісі саналады және астық экспорты бойынша әлемдік көшбасшылардың ондығына кіреді. Сондай-ақ әлемдегі егістік алқаптарының шамамен 10 пайызы, жайылымдық және шабындық жерлердің 9 пайызы осы екі мемлекетке тиесілі.

– Қазақстанда соңғы 5 жылда ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 2 еседен астам ұлғайды. Аталған саладағы өнім экспорты екі есе артып, 6 миллиард долларға жуықтады. Бүгінде бұл бағыттағы өнімдеріміз әлемнің 80 еліне жеткізіледі. Былтыр Азықтүлік қауіпсіздігінің жаһандық индексінде Қазақстан 113 елдің ішінде 32-ші орынды иеленді. Осылайша, біз агроөнеркәсіп кешенін дәйекті түрде дамытып отырмыз. Бүгінгі форумда елдеріміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тең құқылы және бір-бірінің мүддесін ескеру қағидаттары негізінде ортақ келісімге келе отырып, жаңа тәсілдер әзірленетініне сенімдімін, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы форумға қатысушылардың назарын бірқатар өзекті мәселеге аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, Қазақстанның аграрлық секторын индустрияландыру мәселесіне тоқталып, үш жыл ішінде агроөнеркәсіп кешеніндегі қайта өңделген өнім үлесін 70 пайызға дейін арттыру міндеті жүктелгенін атап өтті. Агроөнеркәсіп және экспорт әлеуетінің толыққанды пайдаланылмауына көп жағдайда көлік-логистика саласындағы шектеулер әсер етеді деген пікір айтты. Мысалы, логистика және қойма жүйесінің тапшылығына байланысты Қазақстан мен Ресейде өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің шығыны 40 пайызға жуықтайды.

– Өнім сақтау инфрақұрылымын дамыту, соның ішінде элеваторларды, көкөніс, жеміс-жидек қоймаларын көбейту екіжақты ынтымақтастықтың маңызды бағытына айналуға тиіс. Қазақстан жуық арада климаттық бақылау жүйесі бар өнім сақтау қоймаларының сыйымдылығын 1 миллион тоннаға ұлғайтуды жоспарлап отыр. Бізде Қытай, Үндістан, Таяу Шығыс елдері сияқты келешегі зор өнім өткізу нарықтары бар. Олардың азық-түлікке сұранысы ұлғая түскенін ескерсек, «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізінің де рөлі күшейеді. Орталық Азия арқылы логистиканың жаңа бағыттарын дамыту және Қытаймен арадағы қазіргі көлік бағдарларының жүк өткізу мүмкіндігін арттыру ықпалдастықтың басым бағыттарының бірі бола алады. Осыған байланысты Каспий теңізіндегі Құрық және Ақтау порттарына ауқымды жаңғырту жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отырмыз. Қытай бағытында «Достық – Мойынты» теміржол учаскесінің екінші жолын салу жобасын жүзеге асыруға кірістік. Жалпы Қазақстанда алдағы үш жылда 1,3 мың шақырымнан астам теміржол салынады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент заманауи аграрлық ғылымды дамыту және агроөнеркәсіп кешеніне инновацияны белсенді түрде енгізу ісін ынтымақтастықтың тағы бір маңызды бағыты ретінде атады. Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан зерттеу университеттерінің рөлін күшейте отырып, «білім – ғылым – өндіріс» үштаған жүйесі аясында ғылым саласын реформалауды бастады.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев бірлескен агроинновация орталықтарын құруды ұсынды. Олар жаңа технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіні коммерцияландырумен және өндіріске енгізумен айналысар еді.

Бұдан бөлек, өзіміздің дақылдар тұқымын көбейту – тағы бір стратегиялық міндеттің бірі. Қасым-Жомарт Тоқаев картоп пен қант қызылшасы сияқты негізгі дақылдар бойынша Қазақстандағы отандық селекцияның үлесі 10 пайызға жетпейтінін атап өтіп, қалыптасқан жағдайды шұғыл реттеуге шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев таяу арада Қазақстанның машина жасау саласына көрсетілетін мемлекеттік қолдау шарасының бағыты кезең-кезеңмен өзгеретінін айтты. Алдағы уақытта техниканы ірі бөлшектерден ғана емес, бірте-бірте ұсақ бөлшектен құрастыратын аралас өндіріске басымдық берілетінін жеткізді. Бұл ретте Президент еңбек өнімділігіне, импортталатын қосалқы бөлшектердің жергілікті өндірісін жолға қоюға және өнімді жұмыс орындарын ашуға баса мән беру маңызды екенін атап өтті.

Мемлекет басшысының айтуынша, келешекте күшейе түсетін су ресурстарының тапшылығы Қазақстан үшін өзекті проблеманың бірі саналады. Отандық экономиканың негізгі салаларында, әсіресе, ауыл шаруашылығында судың көп мөлшерде пайдаланылуы жағдайды одан сайын күрделендіре түсті.

– Біз су секторын жаңғыртуға кірістік. Жаңадан 20 су қоймасын салып, кем дегенде 15 су қоймасын реконструкциялау, сондай-ақ 3500 шақырымнан астам каналды жаңғырту және цифрландыру жоспарланып отыр. Бұл шаралар 2027 жылға қарай қосымша 2 текше километрге жуық сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазақстанда жаңа Су кодексі әзірленуде. Бұл құжат су ресурстарының тапшылығын азайтуға бағытталған. Ресеймен бірге Жайық, Ертіс секілді ірі өзендердің бассейндерінде зерттеу жүргізу жөніндегі ынтымақтастықты жандандыру үшін Бірыңғай жол картасы жүзеге асырылып жатыр. Мұндай күрделі проблеманы шешуге бір ғана елдің күш-жігері жетпейді. Бұл мәселені мүдделер теңгерімін сақтап, бірлесе әрекет ету арқылы шешу қажет. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, біздің Ресеймен стратегиялық серіктестік қарым-қатынасымыз екі ел халықтарының мүддесі жолында су ресурстарын бірлесе тиімді пайдалануға қатысты теңгерімді тәсілдің кепілі болатынына сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті сөзін қорытындылай келе, бұрынсоңды болмаған жаһандық сынқатерлер жағдайында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған екі елдің күш-жігерін үйлестіру маңызды екенін атап өтті. Мемлекет басшысы бірлескен нәтижелі жұмысқа атсалысқаны үшін Ресей Президенті Владимир Путинге, форумның ресейлік және қазақстандық қатысушыларына алғыс айтты.

XIX Өңіраралық ынтымақтастық форумының пленарлық отырысынан кейін Қазақстан мен Ресей президенттері шағын форматта келіссөз жүргізді. Содан соң Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин екі мемлекеттің ресми делегацияларының қатысуымен келіссөз өткізді. Мемлекет басшысының айтуынша, Ресей Президентінің Қазақстанға сапары екі ел арасындағы қарым-қатынасты дамыту перспективасын айқындау тұрғысынан ерекше мәнге ие. Бүгінде стратегиялық серіктестік және одақтастық рухындағы екіжақты ынтымақтастық барлық бағытта табысты дамып келеді.

– Екі елдің даму жолдарын өз бетінше әрі дербес таңдауы қос тарапқа кедергі келтірмейді, керісінше, бұл тең құқылы және өзара тиімді әріптестіктің пайдалы жағын еселей түседі. Мұны Қазақстанда да, Ресейде де жақсы түсінеді, – деді Президент.

Өз кезегінде Владимир Путин дәстүрлі қонақжайлығы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, шағын құрамдағы келіссөздің нәтижелі болғанын атап өтті.

– Ресей мен Қазақстан – жай ғана емес, ең жақын одақтастар. Мұндай қарым-қатынас ұзақ жылдар бойы қалыптасты. Халықтарымыздың игілігіне қалтқысыз қызмет ететін байланыстарымызды нығайту дәстүрін жалғастырып отырғаны үшін Қасым-Жомарт Кемелұлына алғыс айтқым келеді, – деді Ресей Президенті.

Екіжақты келіссөздер аяқталғаннан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізді.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы XXI ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы шартқа қол қойылғанына он жыл толуына орай Қазақстан Республикасының Президенті мен Ресей Федерациясының Президенті бірлескен мәлімдеме жасады.

1-бет

САПАР

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРМЕН ТАНЫСТЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш ауданындағы «Таң» ауылдық округіне жұмыс сапарымен барып, жүзеге асырылатын әлеуметтік жобалармен танысты.

Алдымен аймақ басшысы ауылдық мәдениет үйінде мәжіліс өткізіп, облыстық басқармалардың елді мекенді дамыту бойынша ұсыныстарын тыңдады. Облыстық денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, білім, кәсіпкерлік, құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармалары «Таң» ауылын көркейту, абаттандыру үшін қолға алынатын жобаларды таныстырды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңірге сапары кезінде Н.Ілиясов ауылын аралап көрген соң «Осындай ауылдарды көбейтуіміз керек. Оған шамамыз да, қаражатымыз да жетеді. Кәсіпкерлермен кездескенімде елді мекендерге қаржы салып, көмектесу керек деп үнемі айтып келемін. Н.Ілиясов ауылы басқа ауылдарға да үлгі болуы қажет. Сондықтан өзге облыстар да ауылдарды осылай дамытады деп ойлаймын» деген болатын. «Таң» ауылының да алдыңғы қатарлы елді мекеннің бірі болуға әлеуеті жетеді, – деді аймақ басшысы.

Әрі қарай Нұрлыбек Машбекұлы осындағы әлеуметтік нысандардың жай-күйімен танысты. Жақында күрделі жөндеуден өткен №118 орта мектебіне, «Таң бөбегі» балабақшасына, өткен жылы пайдалануға берілген дәрігерлік амбулаторияға барды.

Мұнан бөлек, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында «Таң LTD» ЖШС-ның жеке қаражатына салынған спорт кешенін көрді. Нысан 2018 жылы пайдалануға берілген, жалпы құны 56 млн теңгені құрайды. Мұнда 11 қызметкер жұмыспен қамтылған, кешенде дзюдо және таэквондо үйірмелері бар.

Сондай-ақ «Диқан ата» күріш ақтау зауыты 5 жыл бұрын іске қосылған, тәулігіне 100 тонна күріш өңдеуге қауқарлы, мұнда 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал 2019 жылы ауылдық округке қарасты «Жаңақоныс» елді мекенінде «Агролидер Таң» ЖШС-ның ет өңдеу цехы ашылған. Кәсіпорын тәулігіне 0,5 тонна ет өндіріп, 15 түрлі (тұшпара, манты, қазы, әсіп, бір асым ет және т.б.) өнім шығаруда. Мұнда 8 адам жұмыс істейді.

Әрі қарай Нұрлыбек Машбекұлы ауылды көркейту, абаттандыру жұмыстарымен танысты. Еске салсақ, «Таң LTD» ЖШС демеушілігімен ауылда балалар ойын алаңы мен кіші футбол алаңы салынып, түнгі жарықтандыру жүргізілді. Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың құрметіне «Тағзым алаңы» салынып, қазір жаңа спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Биыл 1924 жылы салынған «Әбжәли» мешітінің ғимараты жөнделді.

Аймақ басшысы барлық құрылыс жұмыстарын тиянақты орындап, мерзімінде пайдалануға беруді тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ҚАЗЫНАЛЫ МЕКЕННІҢ МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕСІ

10-11 қараша күндері Қазалы ауданның 95 жылдық мерейтойына арналған мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылуда. Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың төрағалығымен «Кеше. Бүгін. Болашақ» атты ғылыми-танымдық конференция өтті.

Жиынға облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессор-ғалымдары, аудандардан делегациялар, мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйымдар және аудан тұрғындары қатысты.

Конференцияда аудан басшысы тамыры терең, тарихы кенен Қазалы ауданының құрылуы мен бүгінгі тынысы жайында сөз қозғап, жиынның маңызына тоқталды.

Конференцияда тарих ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Мыңжас, философия ғылымдарының докторы, ауданның құрметті азаматы Баймырза Қожамберлиев, Халықаралық ақпараттар академиясының академигі Ермек Зәңгіров баяндама жасады.

Мұнан кейін қоғам қайраткері, Қазалы және Арал аудандарының құрметті азаматы Айтбай Көшербай мен филология ғылымдарының кандидаты Әлімжан Жарылқағанов ауданның құрылған уақыттан бергі тарихы мен әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы жетістіктері жайында сөз қозғады.

Конференцияны қорытындылаған аудан әкімі Мұхтар Оразбаев аудандағы әр сала бойынша жеткен жетістіктерге жіті тоқталып, Тәуелсіздікті баянды етуге аянбай атсалысып, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытындағы жұмыстарды бірлесе жалғастыра беретінін жеткізді. Сондай-ақ бірқатар азаматтарға Қазалы ауданының 95 жылдық мерекелік медалін табыстады.

Мерекелік шаралар Жалаңтөс баһадүр атындағы орталық саябақта ағаш отырғызу шарасымен жалғасып, аудан орталығына 95 түп ағаш көшеті отырғызылды. Игі шараға Астана, Алматы, Шымкент, Қызылорда қалалары мен Батыс Қазақстан облысынан келген қонақтар да атсалысты.

Биыл маусым айында Қазалыда құны 20,1 миллион теңге тұратын балалар спорт және ойын алаңының құрылысы басталған болатын. Құрылыс жұмыстарын Панабек Әлиев басқаратын жергілікті «Болашақ» ЖШС жүргізген. Аудан әкімі жұртшылықты ауданның мерейтойымен және алаңның ашылуымен құттықтап, балаларға сый жасаған кәсіпкерге алғыс білдірді. Мұхтар Оразбаев өткен жылы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен өңірде осындай 80 ойын алаңы салынып, бүгінде балалар мен жасөспірімдерді қуантып отырғанын атап өтті. Игі істер бүгінде жалғасын табуда.

Мұнан соң мерекелік шара қонақтары Абай ауылында болып, саябақтың ашылуына қатысты. Биыл ауылды абаттандыру мен көгалдандыруға 26,5 млн теңгеден астам қаржы бөлінген. Аудан әкімі саябақтың ашылуы тұрғындарға мерейтойға орай тамаша тарту және өзге ауылдарға үлгі болғанын атап өтіп, мердігер «Данияр 97» ЖШС-на жұмысты сапалы атқарып, уақытында аяқтағаны үшін алғысын білдірді.

Қазір Абай ауылын газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Тұрғындар «көгілдір отын» игілігін көретін күн алыс емес. Сондай-ақ ауылда 20 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория құрылысы аяқталуға жақын.

Түстен кейін орталық стадионда облыстың 85 жылдығына, ауданның 95 жылдығына, сондай-ақ «Алтын дән» молшылық мерекесіне арналған «Қазалым – қарашаңырағым» атты мерекелік шара өтті. Онда облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет аймақ басшысының аудан халқына арнаған құттықтауын жеткізді. Салтанатты жиында түрлі саланың үздік қызметкерлері марапатталды. Кеш қазақ эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткен үлкен гала-концертпен жалғасты.

Ал бүгін Қазалы ауданының 95 жылдығына арналған мерекелік шаралардың жалғасы облыстағы барлық дерлік ауыл шаруашылығы құрылымдары өз өнімдерін әкелген үлкен жәрмеңкемен жалғасуда. Сонымен қатар, жәрмеңкеге Әйтеке би кенті және ауылдардағы кәсіпорындардың өнімдері қойылды. Мерейтой шаралары «Тамыры терең, тарихы кенен – Қазалы» республикалық ақындар айтысымен қорытындыланады.

ЕҢБЕК ПЕН ЖЕТІСТІКТІҢ САЛТАНАТЫ

Биыл Сырдария ауданының құрылғанына 95 жыл. Кеше аудан орталығы Тереңөзек кентінде айтулы мереке аталып өтті. Мерейтойға арналған шаралар полиция аға лейтенанты Талғат Қозыбаевты еске алуға арналған қазақ күресінен республикалық турнирмен басталды.

Талғат Қозыбаев – О.Мәлібаев атындағы ауылдың тумасы. 2003 жылдың наурызында өзіне бекітілген учаскеде қоғамдық тәртіпті қорғау кезінде қаза тапты. Қарулы қылмыскерді құрықтаудағы ерен еңбегі үшін ҚР Президентінің Жарлығымен қайтыс болғаннан кейін II дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталған.

Сонымен қатар, аудан орталығындағы «Еңбек даңқы» музейінде Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Жәркен Ысмағұлов туындыларының көрмесі өтті. Шебердің қылқаламынан белгілі тұлғалардың портреттері мен түрлі тақырыптағы туындылар шыққан. Мүсіндік композициялары Астанада және республиканың басқа да қалалары мен елді мекендерінде қойылған.

Сондай-ақ «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, журналист-этнограф Тынышбек Дайрабайдың 80 жасқа толуына орай аудандық мәдениет үйінде облыстық жазба ақындар мүшәйрасы өтті. Сырдариялықтар мерейтой иесіне құрмет көрсетті. Өз кезегінде Т.Дайрабай жерлестерін туған өлке тарихындағы маңызды кезеңге айналған мерейтоймен құттықтап, жыр мүшәйрасына қатысушыларға сәттілік тіледі.

Мүшәйраға облыстың барлық аудандарынан ақындар қатысып, сырдариялық Бақтөре Айтбаев бас жүлдені жеңіп алды. Бірінші орын қармақшылық Тұрар Бекмырзаевқа, екінші орын Шиеліден келген ақын Рахметолла Жолтаевқа бұйырды. Үшінші орынды Сырдария ауданынан қатысқан Ақерке Әбдіғаппарқызы иеленді.

Мерекелік шаралар ақын, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Жадыра Дәрібаеваның 75 жылдығына арналған көркемсөз оқу шеберлерінің облыстық байқауымен жалғасты. Ақынның шығармашылығын, оның қазақ әдебиеті мен поэзиясына қосқан үлесін насихаттауды мақсат еткен байқауда Ж.Дәрібаеваның Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік тақырыбындағы өлеңдері оқылды.

Сырдария ауданының 95 жылдығына арналған мереке орталық стадионда өткен салтанатты шарамен қорытындыланды. Оған қатысқан облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов аймақ басшысының аудан халқына арнаған құттықтауын жеткізді. Жиналғандарды аудан әкімі Берік Сәрменбаев құттықтады.

– Бүгінгі жетістіктерде әр сырдариялықтың еңбегі бар. Туған жеріміздің гүлденуі жолында еңбек ету – баршамызға ортақ парыз. Осы сәтті пайдалана отырып, ауданымыздың әрбір тұрғынына алғыс айтқым келеді, – деді аудан әкімі.

Сондай-ақ өлкенің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқандарға «Сырдария ауданының Құрметті азаматы» атағын, ауданның Құрмет грамотасын табыстап, сала үздіктерін марапаттады.

Салтанатты шара эстрада жұлдыздары қатысқан гала-концертке ұласты.

«СБ» ақпарат

ТЕҢГЕ – ДЕРБЕСТІК ТІРЕГІ

770 ҚАП АҚША ОТҚА ЖАҒЫЛДЫ

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін оның құрамына енген республикалар өз ақшаларын айналымға шығара бастады. Банкнот басатын фабрикасы болмаған еліміз үшін Ұлттық валютаны енгізу оңайға соқпағаны анық. 1993 жылдың 12 қарашасында «Ұлттық валюта енгізу туралы» Жарлық шығып, сол кездегі ҚР Жоғарғы Кеңесі комитетінің төрағасы Сауық Тәкежанов Ұлттық валютаны «теңге», ал оның жүзден бір бөлігін «тиын» деп атауды ұсынған. Оны жасауға екі жыл уақыт қажет болды. Қазақстан төл ақшасын шығару үшін алғашқы үлгісін жасайтын арнайы жұмысшы тобын құрды. Тәуелсіз елдің Ұлттық валютасын жасап шығарған Тимур Сүлейменов, Меңдібай Әлин, Ағымсалы Дүзелханов, Хайролла Ғабжәлелов еді. Олар жұмыстарын Қазақстан мәдениетінің тарихи даму аспектілерін зерттеуден бастаған.

Теңге әлемдік биржада 2006 жылдан бастап төбесінде сызығы бар Т әрпімен белгіленіп келеді. Ұлттық банк жариялаған үлкен байқаудың қорытындысы бойынша осы символ үздік деп танылып, оны ойлап шығарушылар миллион теңге сыйақы алды.

Ең алғашқы теңге партиясы Англияның ең көне әрі әйгілі «Харрисон және ұлдары» фабрикасында басылып шықты. Алғашқы партияларын сақтау үшін арнайы жерасты қоймалары дайындалған. Оларды төрт «ИЛ-86» ұшағы тасыды. Бір аптаның ішінде олар Лондонға 18 рет ұшып барып-қайтып келген. Жаңа валютаның айналымға енгізілуінің құпия ұсталғаны сонша, барлық құжаттарда Президент резиденциясының құрылысы үшін құрал-жабдықтар тасылуда деп жазылған.

Алғашқы теңгелер жерасты қоймаларынан елдің барлық банктеріне 8 күн ішінде жеткізілген. 1993 жылы қазан-қараша айларында Қазақстан рубль аймағынан толықтай шықты. Қарашаның 12-дегі Президент Жарлығынан 3 күннен кейін теңге айналымға енді. Ескі ақшаны қазақстандық теңгеге айырбастау 1993 жылы 15 қарашада таңғы 8.00-де басталып, 20 қараша күні 20.00-де аяқталды.

Ұлттық банк алғашқыда 1 теңгені сол кездегі 1000 рубльге бағалаған. Кейін еліміздің саяси және әлеуметтік, мемлекетаралық қатынастары ескеріліп 1 теңге 500 рубль болды. Ал бірінші айналымға енген 1 теңгенің АҚШ долларына шаққандағы құны 4,35 теңге еді.

Ақша ауыстыру тәртібі де баспасөз арқылы хабарланды. Ал қарашаның 15-нен 20-сына дейінгі мерзім сомды теңгеге ауыстыру үшін берілді. Тура алты күнде халық қолдағы ақшасын тәуелсіз елдің валютасына айырбастауы керек еді. Ақша жинаған азаматтар енді теңгенің кезегіне тұрды. Бұл күндер әр тұрғынның есінде. Қобыраған сабан ақшаны жинап, сақтағанды шығарып, қолға жаңа күпюраны алғандар оны бірнеше күн қызықтаған.

Ұлттық банктің облыстық басқармалары, екінші деңгейлі банк филиалдары, есеп айырысу кассалары тәулігіне 19 сағат тұрғындар қаржысын ауыстырған. Ескі ақша түні бойы есептеліп, жоюға даярланды. Жұмыстың ең ауыры облыс орталығындағы есеп-касса орталықтарына түсті. Осы күндері ақша тапсыруға 362 мың тұрғын келген. Тұрғындар 20 миллиардқа жуық Кеңес сомын айырбастаған. Барлығы 770 қапқа салынған 20 тонна ескі ақша отқа жағылған.

1992 жылы теңге дизайнындағы бейнелер бекітілді. Ең алғашқы теңгемізде белгілі тарихи тұлғалардың портреттері, Алатау мен Көкшетау көріністері, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің бейнесі, Маңғыстаудан табылған тастағы таңбалар пайдаланылды. Бір теңгелік банкнотқа Әбу Насыр әл Фараби, үш теңгелікте Сүйінбай, бес теңгелікте Құрманғазы, он теңгелікте Шоқан, жиырма теңгелікте Абай, елу теңгелікте Әбілқайыр хан, жүз теңгелікте Абылайхан бейнесі салынған ақшалар көпшіліктің есінде болар. Теңге дизайнерлерінің бірі Прага сәулет институтының түлегі, бірнеше халықаралық конкурстардың жеңімпазы Х.Ғабжәлеловтің пікірінше, ақшада айтулы азаматтар бейнесін берудің бірнеше себебі бар. Біріншіден, қосымша күрделі бедер-бейнелер банкноттарды қолдан жасаудан қорғайды, екіншіден тарихи тұлғаларымыздың суреттері біздің жас мемлекетіміздің өз тарихы мен болмысын танытады және қазақ ақшасын әлемдегі басқа валюталардан даралап, айшықтап тұрады.

Металл тиындарды шығаруға мүмкіндік болмағандықтан жедел қағаз түрінде шығарды, бірақ 1 жылдан соң оларды металл тиындарға ауыстырды. 1994 жылы қағаз тиындар жезден жасалған монеталармен алмасты. 1993 жылы құрылысы басталған банкнот фабрикасы 1995 жылы толық аяқталды. 19 мамыр 1995 жылы Алматыда банкнот фабрикасының тұсауы кесілді. Қазір Тәуелсіз Қазақстан төл валютасын өзінде басып шығарады.

ТЕҢГЕ ОБЛЫСҚА ҚАЛАЙ ЖЕТТІ?

Теңгенің өмірімізге енуімен бірге облыста қандай өзгерістер орын алды? Бұл тарихи сәт туралы ақпараттармен танысу үшін газетіміздің 1993 жылғы тігіндісін парақтап шыққан едік. «Сыр бойы» газетінің 15 қараша, дүйсенбі күні жарық көрген нөмірінде жарияланған «Ұлттық валютаның енгізілуі жайында бағаның өсуін шектеу жөніндегі төтенше шаралар туралы» сол кездегі ҚР Премьер-министрі С.Терещенконың қаулысында тұрғындардың тұрмыс жағдайына қолдау көрсету, негізсіз баға мен тарифтердің алдын алу, енгізілетін ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті бірнеше қосымшалар енгізген. Онда «ҚР Экономика министрлігі жанындағы баға комитеті үш күн мерзім ішінде электр және жылу қуатының, нан мен нан-тоқаш өнімдерінің жаңа прейскурантын жасап бекітетін болсын» делініпті. Қаулы күшіне енген сәтте облыстағы хал-ахуал қалай болды? Көрсетілетін қызметтер мен тауар бағамы қалай бекітілді? Тағы да газет тігіндісін парақтағанымызда сол жылы 20 қарашада журналист Жолдасбек Ақсақалұлының «Ұлттық теңгеміз енгізілді немесе кейбір жәйттерге түсініктеме» атты мақаласы көзге түсті. Мақалада тағы бір ауыр кезеңге аяқ басқалы отырғанымыз, ендігі жерде өз тағдырымыз өз қолымызда екені жазылған. Сонымен бірге Ұлттық валюта енгізілгеннен кейін өңірдегі хал-ахуал былайша баяндалыпты:

– Ұлттық ақшамызды енгізгеннен бұрын сессияда әлеуметтік жағынан аз қорғалған зейнеткерлердің ең төменгі зейнетақы мөлшері белгіленді. Сондай-ақ, бюджет мекемелері қызметкерлерінің жалақысы 3,2 есе арттырылды. Бірақ оның есесіне кейбір азық-түлік және қызмет түрлерінің бағалары сомнан теңгеге қайта есептегенде 2-4 есеге дейін қымбаттады. Өз ақшамызға есептегенде бірінші сортты ұннан пісірілген нанның бөлкесі 40 тиын, макарон өнімдерінің бір киловаты 10 тиын, сүттің литрі 40 тиын, қанттың киловаты 3 теңге 40 тиын, сиыр етінің бір киловаты 4 теңге 40 тиын, халыққа сатылатын құрама жемнің бағасы 30 тиын, тұздың бір киловаты 3 тиын, қала жолаушылар транспортының бағасы 10 тиын болып белгіленді. Сол сияқты коммуналдық-тұрмыстық, байланыс, тағы басқа қызмет түрлерінің бағалары да өсіп отыр. Әлбетте, Үкімет қаулысы бойынша бірнеше есе шарықтаған бағаны әлдекім аспанға қарап отырып, қиялдап шығарды десек қателескен болар едік. Біріншіден, баға – экономикалық категория. Ол директивалық нұсқаулардың әмірімен өмір сүрмейді. Баға біздің экономикамыздың әл-ауқатының деңгейін білдіреді. Шамамыз қандай болса біз сол тұрмыстық деңгейде өмір сүруге тиіспіз.

Расында тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тұрақсыздық, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың қиын кезеңдері еді. Сол кезде әр өңір өз күнін өзі көріп, нарықтық мәселелермен бетпе-бет келді. ҚР Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының бұрынғы басшысы, еңбек ардагері, ҚР Ұлттық банкінің еңбегі сіңген қайраткері Ниязбек Маханжанов теңге облысқа келген уақытта банк қызметкерлерімен қатар ҰҚК және ішкі істер басқармасының да тынымсыз жұмыс жасағанын айтады.

– Ұлттық валютамыз – теңгені айналымға енгізу Қазақстан Республикасы экономикалық тәуелсіздігінің айқын көрінісі еді және бұл тығырықтан шығудың жалғыз ғана жолы-тұғын. Өйткені 90-жылдардың басы біздің еліміз үшін барынша қиын кезең еді. Өндірістің кең ауқымды құлдырауы, экономикалық байланыстың үзілуі бұрынғы одақтас республикалар арасындағы ақша-кредиттік қатынастардың тоқтау шегіне жеткізді. Тауар айналымы, тасымалы қысқарды, халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету карточкалық жүйеге көшірілді. Мекемелер арасындағы есеп бартерлік әдіспен, яғни затпен жүргізілді, өндірісте өнім өндіру тоқтады. Осы кезеңнен бастап облыста ақша айналымы құлдырап, бюджеттік дефицит артып, бағаның өсуі мен ақша эмиссиясы тез көтерілді. Нақты ақшаға қажеттілік өсті, өзіміздің ресурстар есебінен қамтамасыз ету мүмкін болмады, тек қана орталықтан әкелінген ақша есебінен жабылып отырды. Ал ол кезде ақша шығатын Ресейдің банкнот фабрикасы Қазақстанды нақты ақшамен қамтамасыз етпеді. Оның жетіспеушілігінен жұмысшылардың жалақысы, зейнеткерлердің зейнетақысы бірнеше айға кешіктірілді. Бұл жағдайлар банк жұмысына айтарлықтай қиындықтар туғызды. Сондай-ақ 1991-1993 жылдары ТМД елдерінде ақша-қаржы жүйесі айтарлықтай тербеліске ұшырады. 1992 жылдың қаңтарынан бастап бағаның еріктенуі бұл мәселені шешу қажеттігін тездетті.

Теңгені енгізу алдында 1992 жылы ҚР Жоғарғы Кеңесі мен Министрлер кабинетінің қаулысымен аудан орталықтарында және Қызылорда мен Байқоңыр қалаларында есеп айырысу-кассалық орталықтарын ашып, онда бюджеттік мекемелер мен екінші деңгейлі банктерге есеп айырысу жұмыстары атқарылды. Осының бәрі теңгені енгізудің алғашқы шаралары болатын. Кейін ақша айырбастау осы есеп айырысу-кассалық орталығы арқылы жүргізілді.

Сонымен 1993 жылдың 3 қарашасы күні Ұлттық банк төрағасының тапсырмасы бойынша Жамбыл қаласынан бағалы қағаздарды жеткізіп алу талап етілді. Осыған байланысты ұшақтар жалданып, өзіміздің инкассация қызметкерлерін жіберіп, 6 қараша күні сол бағалы қағаздарды қабылдап алдық. Сосын 2 күн ішінде осы бағалы қағаздарды аудандардағы есеп айырысу-кассалық орталықтарына жеткізу қамтамасыз етілді. Ал 14 қараша күні сол кездегі Ұлттық банктің облыстық филиалы бастығы қызметіндегі мен түнімен жұмыс орнымда отыруды талап еткен жеделхат алдым. 15 қараша күні таң алдында облыстық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері хат әкеліп берді. Онда Қазақстан Республикасы Президентінің 15 қараша таңғы сағат 9-дан бастап Ұлттық валютамыз – теңгені енгізу жайлы Жарлығы және Ұлттық банктің ақша айырбастау ережесі болатын.

Міне, теңгеміздің облыста өмірге енуі осылай басталды. Бұл өте қиын да қауырт кезең болды. Бюджеттік мекемелер мен банктер әкелген ақшаны санауда касса қызметкерлері күні-түні жұмыс жасады. Басқа да қызметкерлерден кезекшілік жасақталды. Айырбастау барлық есеп айырысу-кассалық орталықтарында, банктерде жүргізілді. Сондай-ақ кассирлер инкассаторлардың күзетуімен кейбір айырбастау пунктеріне барып жұмыс жасады. Банктің ішінде күніне 4-5 сағат көз іліндіріп, жұмыстарын қайта жалғастырды. Әрбір кассирдің, инкассатордың, есепшінің жұмысы бірнеше есе көбейді. Дегенмен, бұл ізгілікті істі атқаруда ешкім реніш білдірмеді. Ақшаны тасымалдау кезінде жолда кедергілерге ұшырамау үшін Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті мен облыстық ішкі істер басқармасының қызметкерлері көмек көрсетті.

Ережеге сәйкес, 15-17 қараша аралығында Ұлттық валюта мен Ресей рублі айналымда қатар жүріп, 18 қарашадан бастап ҚР аумағында тек қана теңге заңды төлем құралы болып саналатындығы, айырбастауды 20 қараша сағат 20.00-де аяқтау белгіленді. Әрі қарай еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы жаңа жауапты кезең басталды. Әрине, теңгенің енгізілуімен қиыншылықтар аз болған жоқ. Ақша құнсыздығы, инфляция шарықтады. Бірақ осыған қарамастан еліміздің экономикасы әлемдік қауымдастыққа осы қиындықтарды еңсере отырып ене бастады. Ұлттық валютамызды енгізгеннен кейін ТМД елдерімен жұмыс жасау үшін ең алғаш 1993 жылдың 3 желтоқсанында облыстың банк ғимаратында валюта айырбастау пунктін ашып, АҚШ доллары мен Ресей рублін сату жұмыстары атқарылды. Ең алғаш АҚШ-тың 1 доллары 4 теңге 65 тиын болып белгіленді. Алғашқы ақшамыз Ұлыбританияда басылып шыққан болса, қазіргі кезде Қазақстан Республикасында Банкнот фабрикасы және Теңге сарайы сияқты ақша белгілерін шығаратын меншікті өндіріс орындары бар. Өткен қиынқыстау кезеңде Ұлттық валютамыз – теңгені өмірге әкелуге аянбай атсалысқан банк, ішкі істер және Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлерін, қазіргі ел экономикасын дамытуға атсалысып жатқан Ұлттық банк қызметкерлерін Ұлттық валютамыз – теңгенің 30 жылдық мерекесімен құттықтаймын. Еңбектеріңізге табыс, отбастарыңызға береке тілеймін, – деді ол.

МЕРЕЙТОЙЛЫҚ МОНЕТАЛАР САТЫЛЫМДА

Теңге 2006 жылы өз бейнесін өзгертті. Банкноталар бірыңғай стильде орындалған, суреттер бет жағында негізінен тігінен, сырт жағында көлденеңінен орналасқан. Тұтастай алғанда, дизайн Қазақстанның қазіргі бейнесін көрсетеді. Барлық мемлекеттік нышандар, сәулет объектілерінің және елдің табиғатының бейнелері кіреді.

Биылғы мерейтойға орай Ұлттық банктің дайындаған арнайы сыйы бар. «Теңгеге – 30 жыл» арнайы коллекция монетасына Т белгісін пайдаланған. Сол жағындағы ою-өрнек даму мен өркендеуді, сондай-ақ ұлттық болмыс пен нақышты білдіреді. ҚР Ұлттық банкінің Ұлттық валюта маркетологы Айжан Машееваның айтуынша, бұл екі монета да теңгенің 30 жылдығына арналып мың теңгелік тиын күмістен жасалған. Өн бойында тантал металл бар. Салмағы 84,32 грамм. Таралымы 300 дана. Ал 500 теңгелік монета алтын жалатылған күміс монетаның сынамасынан дайындалған. Оның салмағы 31,1 граммды құрайды. Таралымы 2 мың дана. «Тәңір танымы» коллекциялық монетасы да – мерейтойға дайындалған сыйдың бірі. Дизайны да ерекше. Тамыры жер торлап, тәжі аспан тіреп тұратын өмір ағашы – «Бәйтеректі» бейнелейді. Сондай-ақ, қасиетті құс – самұрық пен айдаһар да суреттеліпті. Ол – жақсылық пен жамандық арпалысының мәңгілік нышаны іспеттес. Бұл жолы инвестицияға арналған теңгелер де басылып шыққан. 2018 жылы Ұлттық банк «Көкбөрі» атты коллекциялық 300 дана монетаны жасап шығарған болатын. Ол сатылымда үлкен сұранысқа ие болды. Сөйтіп арнайы дизайнымен көптің көңілінен шыққан бұл тиын түрін инвестициялық теңге түрінде шығаруға шешім қабылданды. «Алтын барыс» және «Күміс барыс» монетасы аты айтып тұрғандай алтын мен күмістен құйылып жасалды. Экспозицияның барлығы мәдени, саяси және тарихи түрленуін еш өзгертпеген. Монеталар халқымыздың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрінен алыстамай, қазіргі заман тұрғысынан да жаңа бейнелер қалыптастырған. Инвестициялық монеталар жыл соңында саудаға түседі. Ал коллекциялық теңгелер қазірдің өзінде сатылымда.

Бүгінде ел экономикасы даму үстінде. Сондықтан теңгенің тұғыры да тұрақты. Ол жақын шетелдерде сұранысқа ие. Мәселен, теңге Өзбекстан, Қырғызстан, Ресейде евро, доллармен бірге айналымда жүр. Жалпы, Ұлттық валютаның құны ел экономикасының өсімімен белгіленіп отырады. Бұл – айқын нәрсе. Басқа валютаның қатынасына қарай құны белгіленеді. Теңге – дербестік тірегі, экономикалық дербестіктің кепілі десек, ол өзінің тарихи функциясын толығымен орындап шықты, әлі де құндылығын дәлелдей бермек.

1-бет

ҚАРЫЗҒА БАТҚАН ХАЛЫҚТЫҢ МӘСЕЛЕСІ қалай шешілмек?

Ашық дерексөзден алынды

Көктемде жарияланған «Kazakhstan Economic Update» шолуында бұл көрсеткіштің өскені көрсетілген. Былтыр жыл соңында қарыздың кіріске қатынасы 40%-дан асты. Елімізде бұл көрсеткіштің ең жоғары деңгейі 2008-2009 жылдары болды. Ол кезде бұл көрсеткіш 60%-ға жақындады.

Біріншіден, Дүниежүзілік банк сарапшылары 2020 жылы коронавирустық дағдарыс салдарынан қарыз алудың өсуі мен кірістердің төмендеуінен қарыз деңгейі жоғарылағанын айтады. 2021 жылы билік зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй сатып алуға пайдалануға рұқсат берді. Бұл да тұтынушылық несиелеудің өсуіне әкелді. 2022 жылы борыштық жағдайдың нашарлауына, Дүниежүзілік банк сарапшылары атап өткендей, Ресей-Украин қақтығысы аясында пайда болған жағымсыз әсерлер және одан кейінгі Ресей Федерациясына қарсы жаңа санкциялар әсер етті. Бұл тізімге өткен жыл бойы жоғары деңгейде болған инфляция қосылды. Сайып келгенде, мұның бәрі қазақстандықтардың сатып алу және олардың қарызға қызмет көрсету қабілетін төмендетті.

Екіншіден, 2008-2009 жылдардағыдан қазір несиелік жүктеменің сипаты басқаша екенін ұмытпаған жөн. Ол кезде несиелік жүктеме көбіне ипотекамен байланысты. Әрі оның жартысы шетел валютасында болды. 2009 жылдың басындағы теңгенің құнсыздануы көптеген ипотекалық несие алушылардың қаржылық әл-ауқатын нашарлатты.

ЖАСҚА ШЕКТЕУ ҚОЮ ЖАҒДАЙДЫ РЕТТЕЙ МЕ?

Енді агенттік ұсынып отырған шектеулерге тоқталсақ. Қазіргі уақытта клиент кірісінің деңгейін бағалайтын 12 критерийдің төртеуін алып тастау жоспарлануда. Олар – коммуналдық қызметтерге, интернет-дүкенде сатып алуға жұмсалған шығыстар сомасы, мүліктің және депозитте қалдықтардың болуы. Тағы бір жаңалық – 21 жасқа дейінгі азаматтарға ресми кірісі расталғаннан кейін ғана несие беріледі. Бұл ретте қаржы сарапшылары жас шектеуі жастардың эмоционалды сатып алуын азайтатынын айтады. Бірақ, дәл осы жаста жастардың көпшілігі экономиканың бөлшегіне айналатынын, жоғары білім алуға, еңбекке араласа бастайтынын естен шығармаған жөн.

Шектеулер онлайн несиелеуге де қатысты болады. Агенттік 45 күнге дейінгі мерзімге және 50 АЕК-ке дейінгі сомаға шағын несие беруді жоюды жоспарлап отыр. Бұл шектеу онлайн режимінде жалақыға дейін берілетін несиелерге қатысты. Онлайн шағын несиелендіруді реттеу халықтың әлеуметтік әл-ауқаты тұрғысынан негізделген. Себебі, мұндай несиелерді, айталық, қаржылық тәртібі өте төмен, банктердің «қара тізімінде» бұрыннан бар адамдар алады. Оны рәсімдеу жеңіл әрі сомасы мардымсыз болғандықтан, қарызды қайтармайтынын біле тұра алатын адамдар да бар. Оған қоса, мұндай шағын несиелердің онлайн-казиноларда және спорттық іс-шараларға ставка жасайтын ойыншылар арасында танымал. Сондықтан, онлайн шағын несиені шектеу бұл салалардағы жағдайды жақсартуы керек.

ЭКОНОМИКАҒА ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Кейбір сарапшылар тұтынушылық несиелендіруді шектеу экономикалық көрсеткіштерге кері әсер ететінін айтуда. Несиелендіру күрт қысқарған жағдайда жиынтық сұраныс төмендеуі, нәтижесінде бұл сауда мен қызмет көрсету саласына әсер етуі мүмкін. Бұл ретте сауданың экономика үшін маңыздылығын естен шығармаған жөн. Сауда жалпы ішкі өнімнің 15,6 пайызын, корпоративтік несие портфелінің 22 пайызын құрайды.

Тұтынушылық несиелендіруді шектейтін шараларды сұраныс пен ұсыныстың классикалық үлгісін пайдалана отырып талдауды ұсынатындар да бар. Бұл тұрғыдан қарасақ, соңғы жылдары сұраныс артып келеді. Себебі, туу көрсеткіші де, зейнеткерлер саны да өсті. Сәйкесінше, еңбекке қабілетті адамдардан еңбекке жарамсыз адамдар саны көбейді.

COVID-19 пандемиясы, локдаун, Украинадағы соғыс, ізінше елімізде рекордтық инфляция болды. Аймақтар арасындағы табыс айырмашылығы да өз әсерін тигізді. Оған қоса халық арасында басқалардан қалысқысы келмейтін құбылыс бар. Кім де болса, той-салтанатын жүрттан қалмай өткізгісі келеді. Мұндай жағдайда көптеген отбасылардың кірісі шығынға ілесе алмайтыны өздігінен түсінікті. Салдарынан, бөліп төлеуге және несиеге сұраныс артты.

Сондықтан банктердің несие беруіне шектеу қоюмен мәселе шешілмейді. Сұраныс болған жерде, ұсыныс та болады. Қарыздың басқа түрлері пайда болуы мүмкін. Кейбір сарапшылар бұрынғыдай айына 10-15% көлемінде бейресми несие беру тәжірибесі жергілікті жерлерде қайта жанданатынын айтуда.

Несие нарығындағы бәсекелестік бұзылуы да мүмкін. Мысалы, қай банктер жеке тұлғаларға қызмет көрсетуге, қандай банктер заңды тұлғаларға, әсіресе мемлекеттік меншікке маманданғанын білу үшін сарапшы болудың қажеті жоқ. Алдағы уақытта қаржы ұйымдары көлеңкелі кіріспен кім табысты жұмыс істеп жатқанын, азаматтардың өзара аударымдарын көріп отыруы мүмкін.

Банктер қарыз алушылардың кірісін бағалай алатын критерийлер тізімінен төрт параметрді алып тастамақ. Бірақ елімізде ересек тұрғындардың кем дегенде жартысы мемлекетке нашар көрінеді. Олар мемлекеттік, ірі және орта жеке компанияларда толық жалақыға жұмыс істемейді. Олардың қатарында 1 миллионға жуық кәсіпкерлер де бар. Бұрын көпшілігі зейнетақы жарналары арқылы банкке кірістерін растай алмағандықтан несие алуда қиындықтарға тап болатын. Енді банктер өздері құрған төлем қабілеттілігін бағалау жүйесін пайдалана алмайтын жағдайда.

КИБЕРАЛАЯҚТЫҚ ПЕН КОЛЛЕКТОРЛАРҒА ДА ТЫЙЫМ БАР

Өткен айда Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мадина Әбілқасымова қазақстандықтардың несиесі бұрынғыдай кешірілмейтінін айтқан болатын. 2019 жылы несие кешірілгеннен кейін қаржы секторында кредит көлемі қайтадан өсіп кетті. Оның ішінде проблемалық кредиттер де бар. Егер мемлекет қаражатын бөліп, қайта-қайта кешіре берсе, жаңа кредиттер көбейеді. Агенттік төрағасы сол себепті коллекторлық агенттіктерге жауапкершілікті күшейту көзделіп отырғанын атап өтті.

Енді заң бойынша проблемалық берешекті реттеудің міндетті рәсімін жасау керек. Егер қарыз алушы банкке жүгінсе, ол осындай рәсімді өткізуі тиіс. Осы рәсімді жүйелі түрде қолдану үшін биылдан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша барлық банктер мен микроқаржы ұйымдары, коллекторлық ұйымдар жеке жобаларын әзірлеп, проблемалық кредиттермен жұмыс істеудің жеке жоспарын дайындаған. Оның ішінде банктердің кредиттерді қайта құрылымдауы, екіншіден қарызды ішінара немесе толық есептен шығару шаралары бар. Мысалы, төлеуге қабілеті жоқ болса немесе қарыздың сомасы тым үлкен болмаса, бірнеше жыл проблемалық кредиті болса, онда банктер өз есебінен ішінара немесе толығымен жауып тастайды.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі проблемалық клиенттермен жұмысқа қатысты да ұсыныстар келтірген. 2020 жылдан бастап несиелік ұйымдарға банктік тұтыну несиелері мен жеке тұлғаларға микрокредиттер бойынша 90 күн кешіктірілгеннен кейін өсімпұлдар мен комиссияларды алуға тыйым салынады. Бір жыл бұрын бұл тыйым кеңейтілді. Енді 90 күн кешіктірілген несиелер бойынша пайыздар есептелмейді. Бірақ бұл жаңашылдық енгізілгеннен кейін жасалған жаңа несиелік келісімдерге ғана қатысты болатын. Енді агенттік барлық тұтынушылық несиелер, соның ішінде бұрын берілген несиелер бойынша да 90 күн кешіктірілгеннен кейін сыйақыны есептеуге тыйым салуды ұсынып отыр.

Сондай-ақ агенттік коллекторлық компанияларға азаматтардың тұтыну несиелері мен шағын несиелерін сатуға тыйым салуды ұсынып отыр. Қарызды өндіру нәтижесінде банктер өздерінің меншігіне айналған баспананы жалға бере алатын модель қарастыруда.

Бір сөзбен, проблемалық қарыз алушылардың 7%-ы үшін жағдай жеңілдеуде. Ал өндіріп алу керісінше қиындай түсуде. Қарызды уақытында өтеу уәждемесі төмендеп, банктерге өндіріп алғанға дейін есеп айырысу бойынша жауапкершілік артып келеді.

Қарыз алушылардың құқықтарын сақтауға және кибералаяқтық құрбандарының мүдделерін қорғауға бағытталған шаралар да қамтылып отыр. Агенттік банк омбудсмені институтының азаматтардың барлық несиелеріне қатысты дауларды қарау жөніндегі өкілеттіктерін кеңейтуді ұсынған. Қаржы институттары ақпаратты қауіпсіздік процедураларын бұзу салдарынан кибералаяқтықтың құрбаны болған клиентке келтірілген зиянды өтеуге немесе талап қоюды тоқтатуға міндетті болады.

1-бет

85 JYL QYZYLORDA OBLYSYNA

ЖАҢАҚОРҒАН:

ТОҒЫЗ ЖОЛДЫҢ ТОРАБЫ

Бұл өңірде ғасырлар бұрын әйгілі «Сығанақ», «Сауран», «Өзгент», «Аққорған», «Ордакент» сияқты тарихи көне қалалар мен қамалдар болса, «Көккесене», «Қорасан ата», «Қарасопы», «Қылышты ата-Төлегетай» сағаналары, «Ақтас», «Сунақата» секілді тарихи-мәдени ескерткіштер бар.

Жаңақорған ауданы 1928 жылы 17 қаңтарда құрылған. Сол жылы Сырдария губерниясы тарап, Қызылорда, Сырдария округтері ашылды. Осыған байланысты бұрынғы Төменарық, Жаңақорған, Сауран, Өзгент болыстарының ізімен Жаңақорған ауданы құрылды. Ауданның жер көлемі 16,6 мың шаршы шақырым, бұл – облыс жер көлемінің 6,8 пайызы. Халықтың орташа тығыздығы бір шаршы шақырымға 4,5 адамнан келеді.

Жаңақорған ауданы теміржол мен халықаралық «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» күре жолының бойында жағалай қоныстанған. Аудан орталығы мен ауылдар, елді мекендер аралығын автожол мен теміржол жалғайды.

Жаңақорған ауданында дүниеге келіп, еліміздің дамуына зор үлес қосқан танымал азаматтар көп. Олардың қатарында Кеңес Одағының батырлары Әнуар Әбутәліпов, Александр Романов, заң ғылымдарының докторы, академик Сұлтан Сартаев, Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібеков, мемлекет және қоғам қайраткерлері Исатай Әбдікәрімов, Сейілбек Шаухаманов, Бердібек Сапарбаев, белгілі дәрігер Мұхтар Әлиев, академик Бірлесбек Алияров, ақын-жазушылар Дүкенбай Досжан, Тынымбай Нұрмағамбетов, Жүсіп Қыдыров, Адырбек Сопыбеков, Байбота Серікбаев, дирижер Төлепберген Әбдірашев, ғалым Сейфулла Әбдірайымов, халық ақыны Манап Көкенов, белгілі композитор Бексұлтан Байкенжеев, кинорежиссер Қалила Омаров бар.

Ауданның оңтүстігі мен батыс бөлігінде белес-белес құм төбеден тұратын Қызылқұм шөлі жатыр. Оңтүстік-шығыс бөлігінде қалың қатпарлы Қаратау жоталары бар. Қаратау қойнауындағы Бесарық, Жиделі, Талдысу, Ақүйік өзендерінің суы жыл бойы үзілмейді. Сондай-ақ, көктемде пайда болатын Кесте, Шалғая өзендері халықтың егін-шілігіне қызмет көрсетеді. Тау өзендерінің суын тиімді пайдалану мақсатында «Бесарық» және «Жиделі» су қоймалары салынған. Аудан көлемінде Борықты, Өзгент, Қандыарал, Жыңғылсай, Қамбар, Алакөл, Нарсоққан секілді 22 көл бар.

ҚОЙНАУЫ ҚҰТ МЕКЕН

Ауданның жер қойнауында көптеген қазба байлығы жатыр. Қаратаудың Өгізмүйіз сілемінде жатқан «Шалқия» кенішінде мырыш, қорғасын, күміс, кадмий және өзге де сирек кездесетін металдар бар екені анықталған. Аталған кен орнындағы қазба байлығы алғаш рет 1963 жылы белгілі болған еді. Одан кейін 1980 жылдары онда жұмыс қайтадан басталып, тоқсаныншы жылдардағы дағдарыс салдарынан өз жұмысын біршама уақыт тоқтатты. Қазіргі таңда «Шалқия» кеніші қайтадан қолға алына бастады.

Сондай-ақ, ауданда құрылысқа жарамды тас, қиыршықтас, құм, саз (бентонит) және басқа да кен орындары бар. 1963 жылы Қаратау геологиялық зерттеу экспедициясының есептеуінше, кен орнында өндіруге болатын 15 элемент түрі анықталып, қоры 300 мың тоннаға бағаланды. 1975 жылдан бастап кеніштi қазу, бұрғылау жаңарып, «Жаңақорған» стансасынан «Шалқия» кен орнына теміржол тартылды. Аудан көлемінде «Хорасан-1» және «Хорасан-2» кеніштерін игеру арқылы уран өндіруді арттыру жоспарланып отыр.

Тоқсаныншы жылдардан бастап елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға барынша көңіл бөлініп келеді. Мұндай жаңашыл істер аудан өмірінде де анық байқалды. Мемлекеттік қолдаудың аясында аталған салада жаңа жұмыс орындарын құруға мән берілді.

2002 жылдың басында ауданда 860, 2003 жылдың басында 907 кәсіпкерлік нысаны есепке алынған еді. Сол жылдарда олардан түскен қаржы аудан бюджетінің 12,3 пайызын құрады. Сондай-ақ онда еңбек ететін тұрғындар ауданда барлық жұмыс істейтіндердің үштен бір бөлігіне жетті.

Аудан орталығында еуропалық стандарт талабына сәйкес келетін «Мирас», «Фараон», «Азамат», «Әнуар» кафелері, «Ғани», «Рүстем», «Айналайын» супермаркеттері тұтынушылар талабынан шыға алды. «Аблан» базарында жаңадан жабық сауда залы салынып, ет, сүт және басқа да азық-түлік түрлері таза орында сатылатын болды.

Ал «Май зауыты» израильдік технологиямен өнім шығаруға көңіл бөлді. Кәсіпорынның ауысымдық қуаты – 2 тонна. Сол арқылы 2002 жылы 237 тонна сүт өңдеп, тұтынушылар талғамына сәйкес өнім шығарды. Ал «Берік» ЖШС кент халқы мен жабық мекемелерді нан және нан өнімдерімен қамтамасыз етті. Ауысымдық қуаты 30 тоннаны құрайтын «Пархат» ұн диірмені күніне 10 тонна өнім дайындады. Сол кезеңде күріш зауыты мен күріш өңдеу диірмені халыққа қызмет көрсетті.

Табиғи қиыршық тас өндіруде «Өтеміс» ЖШС 2002 жылдан бастап қарқынды жұмыс жасап, өз өнімін шығаруды жолға қойды. 2003 жылы «Қазпром Қызылорда» ЖШС түрлі фракцияда қиыршық тас өндіретін агрегатты іске қосты.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында «СКЗ-U» күкірт қышқыл зауыты ашылды. Бұл ТМД елдерінде баламасы жоқ жоба ретінде ерекшеленді. Оның жылдық қуаты 500 мың тонна өнім өндіруге жетеді.

Биылғы 9 айда аудан көлемінде 80,1 млрд теңгенің (103,1%) өнеркәсіп өнімі өндірілсе, өңдеу өнеркәсібінің көлемі 51,6 млрд теңгені құрады. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 26,5 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 1,5 есе артты.

Кейінгі жылдары ауданда өнеркәсіп саласына ерекше көңіл бөлініп отыр. Бұл бағытта «Байкен-U» ЖШС тарапынан ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Биыл негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 17,9 млрд теңгеге жетті. Бұл «Шалқия» полиметалл кен орнын өнеркәсіптік игеру және кен байыту зауыты, «Қазатомөнеркәсіп», күкірт қышқылын өндіретін «СКЗ-U», «Жаңақорған санаториясы» АҚ есебінен ұлғайып отыр.

2023 жылдың 1 қазанына тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік нысан саны 7305-ке жетті. Оның ішінде 357-сі заңды тұлға, 2587-сі шаруа қожалығы, 4361-і жеке кәсіпкер. Ондағы белсенді нысан саны 7031 бірлікті құрады. Ал бөлшек сауда айналымы 5849,9 млн теңге болып, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда индекс өсімі 105,2 пайыз. Жыл басынан бері барлық қаржы көзінен 198 жобаға 2583,8 млн теңгенің несиесі алынды.

АГРАРЛЫҚ САЛАНЫҢ АУҚЫМЫ

1947 жылы ауданда 5420 гектар бидай, 219 гектар арпа, 551 гектар тары, 629 гектар дән жүгері, 659 гектар күріш егілді. Жылдан-жылға егіс көлемі артты. Оның ішінде басты дақыл – күріш егісі арта түсті. Мәселен, 1949 жылы 4094 гектар бидай, 295 гектар арпа, 15 гектар сұлы, 624 гектар тары, 574 гектар дән жүгері, 1670 гектар күріш егілді.

Сондай-ақ, ауданда сол кезеңде төрт түліктің басын көбейтуге ерекше мән берілді. 1947 жылы 64593 қой мен ешкі, 7670 ірі қара, 8499 жылқы, 1276 түйе есепке алынған еді. Ол арада бір жыл өткенде 10452 жылқы, 8156 ірі қара, 81671 қой мен ешкі, 1368 түйеге жетті. Нәтижесінде ет пен сүт өнімдерін өндіру артты.

Алайда соғыстан кейінгі уақыт халықтың әлеуметтік жағдайы үшін аса бір ауыр кезең болды. Ақша реформасы жасалғанымен, елдің өмір сүру деңгейі төмендеп кетті. Астық өндіру саласында жұмсалған шығынның мемлекет тарапынан сегізден бір бөлігі ғана, мал шаруашылығында одан да аз төленді.

Одан бергі жылдарда елдің жағдайы біршама түзеліп, аграрлық салада еңбек өнімділігі артты. Атап айтқанда, 1958 жылы аудан мемлекетке 165 мың пұт астық беріп, облыста бірінші болып міндеттемесін орындап шықты. Мұндай оңды өзгеріс мал шаруашылығында да көрініс берді.

Алпысыншы жылдардың басынан «Түгіскен» алабын игеру ісі қолға алынды. 1966-1970 жылдары 100 шақырымға жуық арна қазылды. Ауданда мал шаруашылығы өркендеп, одан өндірілетін өнім көлемі өсті. Облыс орталығынан «ПМК-29», «ПМК-33» және көршілес өңірлердегі құрылыс мекемелерінен экскаваторлар мен бульдозерлер, самосвал көліктері келе бастады. Сол жылдары «Келінтөбе» каналының төменгі жағынан үш күріш кеңшары ашылды. Бұл кезеңде тау өзендерінің су қоймасын салуға назар аударылды. 1974 жылы «Бесарық», 1985 жылы «Жиделі» су қоймасы пайдалануға берілді.

Сол бір жылдарда «Түгіскен» алабында «Келінтөбе», «Задарья», «Түгіскен», «XXIII партсъезд», «Өзгент» кеңшарлары құрылды. Бұрын дарияның сол жағалауы мидай дала болса, алқапты игеру нәтижесінде бұл өңірге жаңадан 6 кеңшар орналасты. Ауыл орталығынан тұрғындардың өз күшімен тұрғын үйлер, мектеп, клуб, сауда орындары бой көтерді.

Тоқсаныншы жылдары ауыл шаруашылығы саласына көптеген өзгерістер енді. 1998 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша ауданда қой мен ешкі 160445, ірі қара 21406, жылқы 5456, түйе 700 басты құрады. Сол кезеңде ауданда ауыл шаруашылығы дақылдары 23200 гектарды шамалады. Оның 8000 гектары күріш дақылына тиесілі еді.

Биыл аудан көлемінде 37781 гектар егін егілді. Оның ішінде күздік бидай, жоңышқа, арпа, тары, жүгері, күнбағыс, қант құмайы, картоп және көкөніс-бақша дақылдары бар. Олардың арасынан 1000 тоннаға жуық бақша дақылдары Ресейге экспортқа шығарылса, қалғаны еліміздің өзге өңірлеріне жөнелтілді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес, азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында қосымша 295 гектар жер ашылды. Нәтижесінде 845 отбасы картоп, көкөніс-бақша дақылдарын егуге мүмкіндік алды. Ауданда ауыл шаруашылығымен айналысатын 781 құрылым бар. Оның 324-і күріш егуге бейімделген.

«Байқоңыр» ӘКК» АҚ арқылы алдын ала қаржыландыру форвардтық тәсілі бойынша биыл 12 шаруашылыққа 62 млн теңге көлеміне қаржы тартылды. Бұл бағытта ауданда картоп, сәбіз дақылдары егілді.

Кейінгі жылдары жаңа технологияны пайдалану ісіне көңіл бөлініп келеді. Мәселен, «Талап» ауылдық округінде «Қызылорда агроплюс» ЖШС 5 гектарға тамшылатып суару әдісімен қызанақ екті. Ал «Қожакент» ауылдық округіндегі «Береке» шаруа қожалығы малазықтық дақылдарға жаңбырлатып суару технологиясын пайдаланып келеді.

БІЛІКТІ МАМАН, БІЛІМДІ ҰРПАҚ

Ауданның білім саласының дамуына сүбелі үлес қосқан азаматтардың есімі ел жадынан өшпейді. Солардың қатарында Низамутдин Илялетдинов есімі құрметпен аталады. Көршілес Ресей жерінде өмірге келіп, 1926 жылдан бастап Жаңақорған ауданының білім саласында жемісті еңбек еткен ол балаларды сауаттандыруға белсене қатысты. Аудан орталығындағы №51 мектепте мұғалім, директордың орынбасары, директор қызметін атқарған ол педагогика саласында өшпес із қалдырды. Ұлағатты ұстаз ұрпақ тәрбиесіндегі өлшеусіз еңбегінің әділ бағасына ие болды. Екі мәрте «Ленин» орденімен марапатталды.

Қырқыншы жылдардың басында Жаңақорған ауданында мектеп саны өте аз болатын. Соғыстан кейінгі жылдары оқу-ағарту ісін нығайтуға көп көңіл бөлінді. Нәтижесінде 1952 жылы ауданда 3 орта, 9 жетіжылдық мектеп балаларға білім берді. Бұл жылы тағы да 11 бастауыш мектеп ашылып, олардың саны 25-ке жетті.

Алпысыншы жылдары уақыт талабына сай, ауыл шаруашылығына қажетті механизатор кадрларын даярлауға мән берілді. Осындай талаппен 1961 жылы ауыл шаруашылығы механизаторларын даярлайтын училище ашылды. Он жылға жуық уақыт ішінде оқу орнында мыңнан астам жас механизатор мамандық алып шықты. Ал 1972 жылы аудан орталығынан алғаш рет балалар музыка мектебі, оның филиалдары «Түгіскен», «Төменарық», «Шалқия», «Бірлік» елді мекендерінде ашылды. Бұл талантты жастардың өнерге қанат қағуына зор септігін тигізді. Кейіннен музыка мектебіне белгілі күйші Әлшекей Бектібайұлының есімі берілді.

1986 жылы ауданда 22 орта, 12 сегізжылдық, 6 бастауыш мектеп жұмыс істеді. Арада бес жыл өткенде мектептерді ірілендіру нәтижесінде 32 орта, 6 орталау, 6 бастауыш мектеп халыққа қызмет көрсетті.

1-бет

ҚЫР МЕН СЫРДЫҢ ҚҰШАҒЫ

Тоқсаныншы жылдары білім саласында көптеген қиындық көрініс берді. Десе де 2000 жылдан бері ол келеңсіздік жойылып, бұл салада жаңашыл істер жүзеге асты. Елімізде «Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Бұл білім жүйесін дамытуға жаңаша серпін берді. 2007 жылы ауданда «Болашақ» балабақшасы мен «Алпамыс» санаториялық балабақшасы пайдалануға берілді. Ал 2013 жылы ауданда 13 жеке балабақша ашылып, оған 4 мыңға жуық бала қамтылды. Сол жылдары «Екпінді», «Қожакент», «Манап» ауылдарында жаңа мектептер ел игілігіне айналды.

1961 жылы ашылған №13 кәсіптік-техникалық мектебі 2009 жылдан бастап лицей, 2013 жылдан бері колледж деңгейіне көтерілді. Мамандар дайындау жүйесін оңтайландыру, оқу материалдық-техникалық базасы мен кадрлық әлеуетін шоғырландыру арқылы мамандар сапасын арттыруға мән берілді. Бұл бағытта Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжінің мамандықтар бағыты бойынша салаландыру жұмыстары жүргізілді. Колледж өндірістегі электрмеханикалық жабдықтар, электр жабдықтарын жөндейтін және қызмет көрсететін, автокөлікті жөндеуші слесарь, дәнекерлеу ісі, электргазбен дәнекерлеуші секілді мамандарды даярлап шығарды. Аталған оқу орны алпыс жылдан астам уақыт ішінде 22 мыңнан астам жасқа үлкен өмірге бағыт сілтеді.

Жыл сайын ауданның білім саласының материалдық-техникалық базасын жақсарту бағытында игілікті істер жүзеге асып келеді. Биыл Жаңақорған кентінде 600, Жаңарықта 300, Байкенжеде 150 балаға арналған 3 мектеп құрылысы басталды. Сондай-ақ «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында тамыз айында екі мектептің іргетасы қаланды.

ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

Мемлекеттің басты байлығы – адам денсаулығы. Халықтың денсаулығын жақсарту бағытында ауданда атқарылған ауқымды істер аз емес.

Кезінде одаққа белгілі болған «Жаңақорған» санаторийінің негізі 1918 жылы қаланған. Мұнда кезінде бір мезгілде 300-350 адам емделді. Бүгінгі таңда ауданда «Жаңақорған» шипажайы АҚ, «Шипажай Жаңақорған» ЖШС, «Ақ-Шуақ» ЖШС, «Орда-Сығанақ» ЖШС, «Жан-Арай» ЖШС шипажайлары халыққа қызмет көрсетеді.

2007 жылы Жаңақорған кентінде 190 адамға арналған орталық аурухана келушілерді қабылдады. Оған қоса аудандық емхана ұзақ жылдан бері халыққа сапалы дәрігерлік көмек көрсетіп келеді. 2013 жылдан бастап орта буын медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында емхана жанынан арнайы оқу орталығы ұйымдастырылды.

2000 жылдары ауданда тұратын халыққа орталық аурухана мен емхана, туберкулезге қарсы күрес ауруханасы, тері-венерология диспансері, 6 ауылдық аурухана, 4 отбасылық дәрігерлік емхана және өзге де емдеу орындары қызмет көрсетті. Бұл ұйымдарда 100-ге жуық жоғары білімді дәрігер, 496 орта буынды медицина маманы жұмыс жасады. Сол жылдары «Бірлік» және «Қожакент» елді мекендерінде ауруханалар ашылса, «Сүттіқұдық», «Сунақата» ауылдарында отбасылық емханалар заңды тұлға ретінде қызметін жүргізді.

Тоқсаныншы жылдардың басында халық шаруашылығының барлық саласы секілді спорт мекемелері де тоқырауға ұшыраған еді. Десе де спорттық базаны нығайту бағытында тиісті жұмыстар жүзеге асты. «Түгіскен» ауылында балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі ашылды. Осындай қолдаудың нәтижесінде әлемдік деңгейдегі жарыстарда жүлделі оралған жастар көбейді. Олардың қатарында еркін күрестен Дәулет Ниязбеков, Ғалымжан Өсербаев, Азамат Шағапұлы, дзюдошы Шыңғыс Өксікбаев, белбеу күресінен Мереке Құдайбергенова және басқа да талантты жастар бар.

Бүгінде ауданда 389 спорттық нысан орналасқан, 1 стадион, 12 денешынықтыру-сауықтыру кешені, 1 ипподром, 71 спортзал, 18 тир ату орны, 32 ыңғайластырылған спортпен шұғылданатын қосымша бөлмелер. Оған қоса өзге де ғимараттар елге қызмет көрсетеді.

Жыл басынан бері жергілікті жастар белбеу күресі мен қол күресінен Әлем чемпионатында 1 алтын, 1 қола жүлде алды. Өзге де спорт түрлерінен ел чемпионатында 78 медаль қоржынға түсті. Сондай-ақ, 18 спортшы еліміздің ұлттық құрамалар тізіміне енгізілсе, 45 адам облыстық құрамада сайысқа түседі.

ӨНЕРІ ӨРКЕНДЕГЕН ӨЛКЕ

1943 жылдың күзінде ақын Нартай Бекежановтың ұйымдастыруымен өткен айтыста сол кездегі мектеп оқушылары Манап Көкенов пен Әбжан Құрышжанов сөз сайысына түскен. Манап «Кеңесарық», Әбжан Елтай ауылының атынан айтысты. Екі бала ақын да өз ауылдарының жетістігін айтып, қарсыласының кемшілігін сын садағына қадады.

Соғыстан кейінгі жылдары әдебиет дамуында жаңа белестер басталды. Ақындар айтысы да жаңа сипатқа ие болып, идеологиялық күшке айналды. 1946 жылы ақындардың аудандық слеті өткізілді. Оған Нартай Бекежанов, Әбужүсіп Баймұратов секілді белгілі өнер иелері қазылық жасады. Ауылдардан бірнеше өнерпаз қатысып, бас жүлде Тұрсынбай Ахметовке бұйырды. 1950-1980 жылдары облыс көлемінде айтыстың дамуына Қазақстанның халық ақыны Манап Көкенов зор еңбек сіңірді. Ауданда ақын, жырау, жыршы, термешілердің қатары көбейіп, жыраулық дәстүр кеңінен өріс алды.

1959 жылдан бастап үздік көркемөнерпаздар ұжымына халық театры, халықтық деген атақ берілді. Олардың қатарында «Жаңақорған» және «Бірлік» халық театры, аудандық драма ұжымы халыққа өз өнерін ұсынды. Сондай-ақ, ауданның руханият саласында Әлшекей атындағы халықтық ұлтаспаптар оркестрі, «Экспресс» ән-би ансамблінің орны ерекше. Оған қоса елді мекендерде өнерлі отбасылардан құралған ұжымдар қатары көбейді.

1990 жылы ауданда 4 мәдениет үйі, 24 селолық клуб, 2 «Қызыл отау», 16 автоклуб, 5 халықтық атағы бар өнер ұжымы, 1 шығармашылық өнер мектебі, 5 тұрақты киноқондырғы халыққа мәдени-көпшілік қызмет көрсетті.

Аудандық тарихи-өлкетану музейі 1992 жылы ашылды. 1997 жылдан бастап мәдени орын жаңа талаптарға сай жұмыс істей бастады. Сол жылы алғашқы көрме өткізіліп, мұрағат толық қуатында ел назарына ұсынылды. Онда Манап Көкеновтің 70 жылдығына байланысты бөлме ашылса, одан кейін Бексұлтан Байкенжеев және археология, этнография бөлімдері елдің қызығы тамашалайтын орнына айналды. Нәтижесінде музейдегі жәдігерлер саны 4 мыңнан асты. Одан Ұлы Жібек жолының сауда нүктелерінде айналымда болған теңгелерді, Сығанақ қаласы мен «Көккесене» күмбезінің орнынан табылған құнды жәдігерлерді, өзге де дүниелерді көруге болады.

Жаңақорған ауданы бойынша 2 мәдениет үйі мен 27 ауылдық клуб, 3 мәдени демалыс кешені, 9 халықтық өнер ұжымы, 36 кітапхана, 1 аудандық тарихи-өлкетану музейі жергілікті тұрғындарға мәдени қызмет көрсетеді. Биыл жыл басынан бері мәдениет үйлері мен клубтарда 714 мәдени-көпшілік шара ұйымдастырылып, оларға 83163 көрермен қамтылды.

Аудан бойынша мемлекеттік тізімге алынған 43 тарихи-мәдени ескерткіш бар. Олардың 5-і республикалық, 16-сы жергілікті маңызы бар, 22 ескерткіш алдын ала есепке алынған. Мемлекеттік тізімге енгізілген 32 ескерткіштің төлқұжаты жасалып, 40 ескерткіштің қорғау тақтасы орнатылған.

ИГІЛІГІ МОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Кейінгі жылдары ауданда халықты сапалы әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бағытында нәтижелі жұмыстар атқарылды. Бұл бағытта өзекті проблемалар толық зерделенді. Шындығын айтқанда, халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қажетті ауызсу, электр қуаты, елді мекендерді газға қосу, ішкі жолдарды жөндеу, аяқсумен қамту мәселесінде түйткілдер кездесті. Атап айтқанда, электр бағаналары мен желілерінің 75 пайызға жуығы тозығы жеткені белгілі болды. Қазір аудан орталығында электр желісін жаңғыртуға көңіл бөлініп отыр. Ендігі кезекте бұл жұмыстар «Қандөз». «Келінтөбе», «Қожакент», М.Нәлібаев, Әбдіғаппар, Манап, Құттықожа, «Сунақата», «Еңбек» ауылдарында жүзеге аспақшы. Сондай-ақ тағы да он елді мекеннің электр желілерін жаңғырту үшін тиісті министрлікке өтінім жолданған. Жоба толықтай жүзеге асқан уақытта ауданда электр желісінің тозуы 20 пайызға дейін төмендейді деп күтілуде.

Бүгінде ауданда газдандыру үлесі – 38,8 пайыз. Биыл облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев және ел ағаларының қатысуымен өткен шара барысында «Бірлік», «Қыраш» елді мекендері «көгілдір отынға» қосылды. Ендігі кезекте «Төменарық», «Жайылма», «Шалқия», Құттықожа, «Кейден» елді мекендерін газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Оған қоса жақын жылдарда «Сунақата», «Еңбек», «Екпінді», Қожамберді, «Сүттіқұдық» ауылдарына газ тарту жоспарланып отыр.

Жаңақорған ауданы аумағында автокөлік жолдарының жалпы ұзындығы – 451 шақырым. Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 96,1 пайызды шамалайды. Биыл республикалық, облыстық және аудандық бюджеттен қаралған қаржы есебінен жолдың жағдайы жақсара түспек.

Елдің назарында жүрген тағы бір мәселе – тұрғындарды таза ауызсумен қамту жағдайы. Ауызсу желілерінің жалпы ұзындығы – 631 шақырым. Қазіргі таңда ауданда ауызсумен қамтуға байланысты жалпы құны 2,6 млрд теңге болатын 6 жоба жүзеге асырылуда. Биыл аталған мақсатта республикалық бюджеттен 2 млрд 600 млн теңге қаралған еді. Оған «Тақыркөл» су қоймасының магистральді су өткізгішінің екінші желісін салу жоспарланса, «Талап» топтық су құбырын кеңейту жүргізілуде. Ал Қожамберді, «Сүттіқұдық», «Жайылма» елді мекендерінде ауызсу жүйелерін жаңғырту жүзеге асып жатыр. Осы жобалар толықтай жүзеге асқаннан кейін жергілікті тұрғындардың таза ауызсу тұтыну көрсеткіші 98 пайызға жақсарады.

ЖЫЛНАМА

- Жаңақорған ауданы 1928 жылы 17 қаңтарда құрылған.
- Кезінде Одаққа белгілі болған «Жаңақорған» санаторийі 1918 жылы ашылған. Бүгінгі таңда ауданда «Жаңақорған» шипажайы АҚ, «Шипажай Жаңақорған» ЖШС, «Ақ-Шуақ» ЖШС, «Орда-Сығанақ» ЖШС, «Жан-Арай» ЖШС шипажайлары халыққа қызмет көрсетеді.
- Алпысыншы жылдардың басынан «Түгіскен» алабын игеру ісі қолға алынды. 1966-1970 жылдары 100 шақырымға жуық арна қазылды.
- 1961 жылы ашылған №13 кәсіптік-техникалық мектебі 2009 жылдан бастап лицей, 2013 жылдан бері колледж деңгейіне көтерілді.
- «Шалқия» кен орнындағы қазба байлығы алғаш рет 1963 жылы белгілі болған еді. Онда мырыш, қорғасын, күміс, кадмий және өзге де сирек кездесетін металдар бар екені анықталған.
- 1972 жылы аудан орталығынан алғаш рет балалар музыка мектебі ашылды.
- Аудандық тарихи-өлкетану музейі 1992 жылы ашылды.
- 2000 жылдары ауданда тұратын 70 мыңға жуық халыққа орталық аурухана мен емхана, туберкулезге қарсы күрес ауруханасы, тері-венерология диспансері, 6 ауылдық аурухана, 4 отбасылық дәрігерлік емхана және өзге де емдеу орындары қызмет көрсетті.
- 2007 жылы Жаңақорған кентінде 190 адамға арналған жаңадан салынған орталық аурухана келушілерді қабылдай бастады.
- 2007 жылы ауданда «Болашақ» балабақшасы мен «Алпамыс» санаториялық балабақшасы пайдалануға берілді. Ал 2013 жылы ауданда 13 жеке балабақша ашылып, оған 4 мыңға жуық бала қамтылды.

Түйін. *Қойнауы қазынаға толы қасиетті мекен өзінің сан қилы тарихымен, жер байлығымен, ғалымдар, дүлділ ақындар, әншілер мен күйшілер, қоғам қайраткерлерімен ерекшеленеді. Тыныштықты ту етіп, тәуелсіз еліміздің қарыштап дамуына зор үлес қосып келеді. Қай кезеңде де елдің еңсесін көтеруге, экономиканы қалпына келтіруге күш салынып отыр. Осылайша бір-бірімен үйлескен іргелі реформалар нәтижесінде ел келешекке салиқалы оймен, нық сеніммен қадам басты. Тиімді экономикалық жүйенің арқасында дамудың даңғыл жолына түсті. Экономикадағы маңызды реформалар халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға оң серпін берді.*

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Қызылорда қаласы **№51** **27 қазан 2023 жыл**

Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №153 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №153 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2023 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 548 130 242,8 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 43 073 344,4 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 10 123 873,6 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 68 707,0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 494 864 317,8 мың теңге;

2) шығындар – 543 416 688,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 8 249 890,4 мың теңге;

бюджеттік кредиттер – 19 416 267,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 11 166 376,6 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 5 432 971,4 мың теңге;

қаржы активтерін сатып алу – 5 432 971,4 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 8 969 307,2 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) –
8 969 307,2 мың теңге;

4-тармақ келесідей мазмұндағы 13), 14), 15), 16), 17) тармақшалармен толықтырылсын:

«13) жастар театрын құру;

14) жер асты және жер үсті инженерлік желілерін түгендеу;

15) даму сызбалары;

16) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеу;

17) мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту.»;

8-2. тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«8-2. Аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттерінен заңнаманың өзгеруіне байланысты трансферттердің түсімдері 9 342 589,2 мың теңге сомасында көзделсін.»;

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы Н.Байқадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының
2023 жылғы «27» қазандағы № 51 шешіміне қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының
2022 жылғы «13» желтоқсандағы № 153 шешіміне 1-қосымша

2023 жылға арналған облыстық бюджет

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1. Кірістер	548 130 242,8
1			Салықтық түсімдер	43 073 344,4
	01		Табыс салығы	23 689 220,4
		2	Жеке табыс салығы	23 689 220,4
	03		Әлеуметтік салық	17 820 558,0
		1	Әлеуметтік салық	17 820 558,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 563 566,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 333 566,4
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	229 999,6
2			Салықтық емес түсімдер	10 123 873,6
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 500 441,1
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	94 420,1
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	110 000,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	1 296 021,0
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	2 600,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	2 600,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 930 539,3
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 930 539,3
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	5 690 293,2
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	5 690 293,2
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	68 707,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	68 707,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	68 707,0
4			Трансферттердің түсімдері	494 864 317,8
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	9 803 745,8
		2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	9 803 745,8
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	485 060 572,0
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	485 060 572,0
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	
			2. Шығындар	543 416 688,2
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	7 848 323,3
	110		Облыс мәслихатының аппараты	173 043,0
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	171 273,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығындары	1 770,0
	120		Облыс әкімінің аппараты	4 188 586,9
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	3 084 483,6
		007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	690 458,3
		009	Әкімдерді сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	413 645,0
	265		Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	369 265,2
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	369 265,2
	269		Облыстың дін істері басқармасы	330 584,8
		001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	57 668,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 140,2
		004	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	19 702,0
		005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	123 074,3
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	126 000,3
	282		Облыстың тексеру комиссиясы	367 000,0
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	357 458,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	9 542,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 359 641,3
		061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	1 359 641,3
	299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	567 831,5
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту, жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	559 058,5
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 560,0
		021	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1 717,0
		061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	4 496,0
	718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	271 879,0
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	266 756,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 123,0
	752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	220 491,6
		075	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	220 491,6
02			Қорғаныс	1 899 579,1
	120		Облыс әкімінің аппараты	1 266 630,1
		010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	9 848,6
		011	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы	121 085,5
		012	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	279 103,0
		014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	856 593,0
	287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	632 949,0
		002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	251 633,0
		004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	381 316,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	12 754 904,0
	252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	12 734 904,0
		001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 317 079,4
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 417 824,6
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	20 000,0
		053	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	20 000,0
04			Білім беру	276 343 382,5
	120		Облыс әкімінің аппараты	23 578,5
		019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	23 578,5
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 062 152,1
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	87 121,0
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	841 518,0
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	133 513,1
	261		Облыстың білім басқармасы	241 804 394,9
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	808 131,6
		003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	2 006 218,4
		004	Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	547 423,0
		005	Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	1 759 493,0
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	2 827 006,8
		007	Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	175 103,0
		011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	660 369,8
		012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	702 880,2
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	24 130,0
		019	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	34 000,0
		025	Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	14 371 166,0
		029	Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу	597 669,0
		052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау»	1 121 076,0
		055	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	4 312 043,2
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	78 160,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2 249 056,1
		080	Нұрсұлтан Назарбаев Қорының «EL UMITI» талантарын анықтау және қолдау бастамасын іске асыру	7 000,0
		082	Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	122 982 837,6
		083	Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	426 570,8
		085	Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде білім беру ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	3 908 755,0
		086	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін	1 812,0
		087	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға	269 491,5
		200	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және оларда медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	5 033 501,4
		202	Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	38 889 959,7
		203	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	38 010 540,8
	760		Облыстың мәдениет және спорт басқармасы	9 698 377,1
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	8 904 513,0
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	793 864,1
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	23 754 879,9
		011	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	2 196,4
		012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2 302 013,0
		069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 730 972,5
		205	«Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу	19 719 698,0
05			Денсаулық сақтау	20 894 909,9
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	11 626 875,9
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	312 764,9
		006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	304 290,0
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	65 933,0
		008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	215 066,0
		016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	63 564,0
		018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	50 459,0
		023	Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	34 588,0
		027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	2 076 068,0
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	56 321,8
		030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	1 750,0
		033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	6 837 981,1
		039	Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмегін қамтитын қосымша медициналық көмектің көлемін көрсету, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар	427 036,0
		041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	458 587,5
		050	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызметті көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	722 466,6
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	9 268 034,0
		038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	9 268 034,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	17 481 946,9
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	16 790 752,1
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	241 716,0
		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	635 970,0
		003	Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қолдау	1 738 492,2
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 541,0
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 085 796,6
		014	Оңалту орталықтарында карттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	813 457,0
		015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедтігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	890 703,0
		018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	132 342,2
		046	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту	8 093,0
		053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	102 667,0
		064	Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету	507 033,0
		066	Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу	23 600,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	181 537,9
		068	Жұмыспен қамту бағдарламасы	7 844 839,2
		069	Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау	9 315,0
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1 568 649,0
	261		Облыстың білім басқармасы	638 943,0
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	325 917,0
		037	Әлеуметтік сауықтандыру	124 189,0
		084	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындармен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	99 646,0
		092	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	89 191,0
	752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	52 251,8
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқытарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	52 251,8
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	41 412 604,6
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	41 412 604,6
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	358 424,0
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 830,0
		032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	3 930 922,0
		038	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	7 468 528,1
		054	Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер	40 160,6
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	3 154 774,9
		114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	26 457 965,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	17 387 093,9
	752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	2 022 232,0
		001	Жергілікті деңгейде қоғамдық даму саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	390 391,6
		006	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	332 761,8
		009	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	1 166 514,6
		010	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	104 493,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	28 071,0
	760		Облыстың мәдениет және спорт басқармасы	12 042 512,6
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет, мұрағат ісін, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	250 984,0
		005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	3 386 183,5
		008	Театр және музыка өнерін қолдау	1 490 981,3
		009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	375 535,9
		010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	466 588,0
		011	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	841 683,6
		012	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	157 797,0
		013	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	2 881 696,6
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 707 947,0
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	483 115,7
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	3 286 393,7
		024	Спорт объектілерін дамыту	80 340,1
		027	Мәдениет объектілерін дамыту	3 206 053,6
	265		Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	35 955,6
		021	Туристік қызметті реттеу	26 042,9
		074	Кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау	9 912,7
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	777 872,3
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	777 872,3
		007	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	89 960,5
		050	Жылыту маусымын іркіліссіз өткізу үшін энергия өндіруші ұйымдардың отын сатып алуға шығындарын субсидиялау	554 636,6
		071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	133 275,2
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	26 283 934,1
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	6 983 550,5
		001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	193 761,8
		003	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	123 842,7
		005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	2 981 109,6
		006	Жануарлар дүниесін қорғау	56 415,0
		008	Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар	836 342,6
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 400,0
		022	Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту	102 448,8
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 899 128,2
		034	Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы), сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіру өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау	9 114,0
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	270 680,7
		114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	508 307,1
	741		Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы	15 671 595,0
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	408 170,0
		002	Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау	165 796,0
		005	Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау	723 944,0
		008	Басым дақылдардың өндірісін субсидиялау	30 863,0
		014	Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	974 973,0
		018	Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру	4 159,0
		029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс- шаралар	343 714,8
		035	Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру	901 688,0
		045	Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	7 238,0
		046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	4 481,0
		047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	3 289 337,2
		050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	1 871 493,0
		053	Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау	3 843 245,0
		056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	2 848 288,0
		077	Ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету үшін азық-түлік астығын өткізу кезінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның шеккен шығыстарын өтеуді субсидиялау	254 205,0
	719		Облыстың ветеринария басқармасы	3 628 788,6
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	171 443,0
		009	Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру	14 651,0
		011	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	25 790,0
		012	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу	84 330,0
		013	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	72 065,0
		014	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	2 786 335,0
		028	Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер	2 999,0
		030	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру	226 188,2
		035	Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын сәйкестендіру	743,0
		040	Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтау үшін, қызметкелердің жеке қорғану заттарын, аспаптарды, құралдарды, техниканы, жабдықтарды және инвентарды орталықтандырып сатып алу	236 846,4
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	7 398,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	27 353 916,7
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	27 353 916,7
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	261 280,8
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	12 978 546,4
		114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	14 114 089,5
12			Көлік және коммуникация	44 456 620,6
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	44 456 620,6
		001	Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	131 078,3
		002	Көлік инфрақұрылымын дамыту	6 014 062,3
		003	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	570 320,0
		005	Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау	167 167,0
		011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 471,0
		025	Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	2 756 750,0
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	17 682 228,9
		114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	17 131 543,1
13			Басқалар	8 247 858,7
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	549 424,8
		058	«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	336 414,8
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	213 010,0
	299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	1 053 489,5
		012	Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві	1 028 763,0
		003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	24 726,5
	261		Облыстың білім басқармасы	574 818,2
		079	«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	219 645,2
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	355 173,0
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	1 312 777,6
		037	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту	137 010,6
		060	«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	1 175 767,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	511 294,8
		093	«Ауыл - Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	395 085,8
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	116 209,0
	265		Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	2 922 067,8
		004	2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	48 669,0
		014	2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба және Басым жобаларға кредит беру тетігі шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау	2 324 461,0
		011	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	14 251,8
		015	2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба және Басым жобаларға кредит беру тетігі шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру	487 091,0
		082	2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру	47 595,0
	760		Облыстың мәдениет және спорт басқармасы	335 387,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	335 387,0
	120		Облыс әкімінің аппараты	720 190,3
		008	«Ақпараттық технологиялар орталығы» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету	720 190,3
	761		Облыстың бақылау жөніндегі басқармасы	268 408,7
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және еңбек қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	268 408,7
14			Борышқа қызмет көрсету	2 110 564,0
	299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	2 110 564,0
		004	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	2 030 191,0
		016	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	80 373,0
15			Трансферттер	38 163 177,6
	299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	38 163 177,6
		007	Субвенциялар	37 686 596,0
		011	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	238 647,0
		053	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	237 934,6
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	8 249 890,4
			Бюджеттік кредиттер	19 416 267,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 285 000,0
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	2 285 000,0
		063	Жастардың кәсіпкерлік бастамашылығына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру	2 285 000,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	11 336 561,0
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	1 785 061,0
		048	Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру	922 687,0
		087	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру	862 374,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	8 351 500,0
		009	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру	8 351 500,0
	752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	1 200 000,0
		012	Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ға бюджеттік кредит беру	1 200 000,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	5 794 706,0
	741		Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы	3 238 256,0
		015	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдарға кредит беру	238 256,0
		087	Ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге кредиттер беру	3 000 000,0
	299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	2 556 450,0
		009	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	2 556 450,0
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	11 166 376,6
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	11 166 376,6
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	11 166 014,9
		2	Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару	361,7
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	5 432 971,4
			Қаржы активтерін сатып алу	5 432 971,4
13			Басқалар	5 432 971,4
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	167 185,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	167 185,0
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	4 724 680,4
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	4 724 680,4
	265		Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	541 106,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	541 106,0
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-8 969 307,2
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	8 969 307,2
7			Қарыздар түсімі	17 978 011,0
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	17 978 011,0
		1	Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар	8 351 500,0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	9 626 511,0
16			Қарыздарды өтеу	10 589 829,6
	299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	10 589 829,6
		008	Жергілікті атқарушы органның борышын өтеу	5 206 155,0
		015	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	5 383 312,9
		018	Республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	361,7
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	1 581 125,8
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	1 581 125,8
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 581 125,8

МЕРЕЙ

«Ленин жолы» газетінің Арал мен Қазалы аудандарындағы меншікті тілшісі ретінде меценат, «Рза» АҚ президенті, елге танымал Самұрат Жұманұлы Имандосов жетекшілік еткен ұжымда талай болғанмын. Озаттары жөнінде мақала жазғанмын. Сосын да өзім куә болған бір-жар деректі қағазға түсірдім.

Өшіктік

Ол келгенге дейін...

Самұрат Имандосовтың мамандығы инженер-гидротехник. Еңбек жолын аудандық су басқармасында қатардағы инженер болудан бастады. Содан көзге түсіп, қызметте көтеріле берді. «Басықара» поселкесіндегі №64 жылжымалы механикаландырылған колоннаны жеті жыл басқарған оны 1980 жылы аудан орталығындағы №86 жылжымалы мехколоннаға бастық етіп ауыстырды.

Не себепті? Облыста Қазалы массиві сияқты іргелі істі игеру 1975 жылы қолға алынған-ды. Ауданның колхоз-совхоздарындағы жер жұмыстарын атқаратын бірден-бір колонна осы болатын. 1975-1980 жылдар аралығында 10 мың гектардай жер тегістелді десе де, оның не коллекторы, не сбросы шешілмеген. Мұның үстіне колонна басшылары қосып жазу сияқты көзбояушылыққа ұшырап, қылмысқа тартылып, қызметтен босап жатты. Еңбек тәртібі бетімен кетіп, зиянға белшесінен батып, жоспар ұдайы кейін қалатын. Колонна тірегі болып саналатын механизаторлардың көбісі айлық алған күні өле ішіп, кеңсенің айналасына түнеп шығатын. Алып техникаларды, эксковатор мен скреперді, бульдозерді жүргізушілер табысқа қызығып сырттан келетін және олар жастарды үйретуден ат-тонын ала қашатын.

«Маған екі жыл уақыт беріңдер!..»

Бір қызығы, аудандық партия комитетінің ұсынысымен барған оны «Қызылордаводстрой» тресінің бастықтары қомсынады. «Ол колоннаның жүгі ауыр. Көп жыл сол саланың маманы Борис Геннадиевич Кимнің өзі жөнге сала алмаған, 600-дей адамы бар өндірісті бұл жас жігіт қалай тіктемек?» деседі. Сонда Самұрат Жұманұлының көзі оттай жанып:

– Маған екі жыл мұрша беріңіздер, сонда ол мекеме «Қызылордаводстрой» тресінің алдыңғы қатарына шығады, – деді.

– Қазіргі ең мықты №29 мехколаннаның да алдын орап кетесің бе? – деп олар күліседі.

– Е-е, оның да алдына шыққа несі бар? – деп қаһарланып тұрып алады.

– Бұл сабазың қиын екен деп істен сескеніп, абыржып тұрған жоқ, тәуекелі зор екен, ол колонна осындай таланттың ырқына көнсе керек, барсын, басқарсын, – деп келісіпті.

Міне, 1980 жылы Самұрат қабылдап алғандағы бұл колоннаның жағдайы осындай еді.

Жеңіс

Отыз екідегі жұмыста ысылған инженер мұнда келу бойына жергілікті жастарды техникаға, құрылыс мамандығына үйретуге құлшына кірісті. Бірінші кезекте мықты кадрлар корпусын жасақтауды алдына міндет етіп қойды. 198І-1984 жылдар аумағында 25 эксковаторшы, 46 скреперші, 19 бульдозерші, 24 тас қалаушы жергілікті жастардан оқытылып, тәжірибеден өтіп, қызу еңбекке араласты. Бұл үлкен жеңіс еді. Енді сырттан келгендер бұрынғыдай желкелерін күжірейте алмайтын болды. Егістің коллекторы мен сбросы да жедел шешім тапты.

Көптеген бастамалар осы ұжымнан көтерілді. КПСС XXII съезі атындағы совхоздан іргесі қаланған орта мектепті осы колоннаның №5 учаскесі 150 күнде бітіреміз деп үндеу тастағанда, ешкім нанған жоқ-ты.

– Қазақ ССР-нің 40 жылдығы атындағы совхоздан орта мектептің іргесі қаланғанына биыл төртінші жыл. Сіздерге ондай мектепті бес айда бітіру қайда? – деп сенімсіздік білдіргендер болды, әрине.

– Оның құрылысын жүргізіп жатқан №1604 мехколонна ғой. Ал біз №86 мехколоннаданбыз, – депті учаске бастығы Кеңес Бабанаев.

Ақыры сөздерінде тұрды.

1984 жылы су өте-мөте тапшы болып, шаруашылықтар су алудың кезегіне тұрып, магистралды екі канал – «Солжаға» мен «Оңжағаның» бірінде су болса, екіншісі құрғап жатқан жылы мемлекетке 450 мың центнер Қазалы күріші тапсырылса, мұнда №86 мехколоннаның сүбелі үлесі болды. Өйткені, жер тегістеудің сапалы жүргізілуі аз судың тиімді пайдаланылуына жол ашты.

«Мелиоратор» – біздің Мәскеуіміз

Ал «Мелиоратор» шағын ауданы негізінде бірнеше рет облыстық деңгейде семинар-кеңестер өткізілді. Жұмысшы-қызметкерлерінің 80 пайызы орталықтан жылу, су келетін көрікті үйлерде тұрды. Бұл шағын ауданда тұрмыстық-мәдени қызметтің барлық түрі бар. Тіпті коммуналдық, газ беру де, бәрі-бәрі өздерінде. Сосын да бұл ауданды құрылысшылары «Біздің Мәскеу» дейтін.

Еңбекке лайық құрмет

– Әсіресе, дала қостарындағы механизаторларға баса көңіл бөлінуде, – деді мехколонна кәсіподағының төрағасы Т.Ахметов бізбен сұбхатында – Олар қысы-жазы вахталық әдіспен жер басында болады. Сондай-ақ, зиянды деп саналатын жұмыстар да баршылық. Осындай мақсаттарға жылына 6 миллион сом бөлінді.

– Ал зейнеткерлер мен қарастығы жоқ және табысы аз отбасыларға ше?

– 14 зейнеткерге және 40-тан астам табысы аз отбасы мен қарастығы жоқ адамдарға қосымша айлық төлейміз. Көбісін пәтерақыдан босаттық. Көтермелеу ретінде тәртібі жақсы озат оқушыларға өткен жылы 17 мың сом төленді. Биыл да солай болады. №234 пен №16 орта мектептерге әрдайым шефтік көмек беріледі. Қайырымдылық қорына деп жылына 30 мың сомды әр мекемеге аударып отырмыз.

– Бақшалық жер көбісінде бар шығар?

– 30 гектар жер тегістеліп, қоршалып, электр желісі тартылып, жол салынып, күзетші қойылып, саяжай үшін 1500 сомнан несие бөлінді. Құрылыс материалын 50 процентке арзандаттық. Жеміс-жидек көшеттері, тағы-тағылары тегін әкеліп беріледі. Сондай-ақ жұмысшыларға ара-тұра ет, ұн, күріш, картоп, сәбіз, жуа өте арзан бағамен сатылады.

– Олардың денсаулығын қорғау қалай?

– Өзіміздің тәулігіне 150 адам қабылдайтын емхана биыл пайдалануға беріледі. Өткен жылы Алматы дәрігерлік институтымен келісім-шартқа отырып, жұмысшылардың тісін емдеуге 10 мың сом, балалардың денсаулығын жақсартуға 15 мың сом ақша жұмсалды.

Қазір де өз биігінде

Ойлап қарасақ, осындай әлеуметтік жетістіктің негізі С.Имандосовтың халық үнін тыңдап, мүмкін еместің мүмкіндігін тауып, көптің ойынан шығып, олардың сенімін ақтаудан басталғанға ұқсайды. Оны биікке шығарған да осы көптің қалауы. Ел игілігі үшін күн-түн көз ілмей, ұшақ үстінде түнеп жер-жерді адақтады, іздегенін тапты. Сол табысымен көпке сәуле шашты! Өзі жанылған алмастай жарқырады.

Ол 75 жасында да солай. Халық алғысынан күш-қуат алып, сол биігінде жүр...

Шәкірат ДӘРМАҒАМБЕТҰЛЫ,
дербес зейнеткер

Қазақстанның ұлттық валютасына – 30 жыл

15 қарашада Қазақстанның ұлттық валютасы – теңгенің айналымға енгеніне 30 жыл толады.

Теңге – Қазақстанның егемендігін айғақтайтын маңызды атрибуттың бірі. Қазір ол тәуелсіз әрі мықты қаржылық жүйенің символына айналып отыр. Осы күні еліміздің қаржыгерлері де кәсіби мерекесін атап өтеді.

Теңгенің айналымға енуі Қазақстанға ұлттық нарықтық экономика құру үшін алғашқы қадам жасауға мүмкіндік берді.

Қазақстанның алғашқы банкноталарын жасаған дизайнерлерге еліміздің ұлттық бірегейлігін танытарлықтай көркем, қолдануға ыңғайлы, қорғанышы мықты купюра әзірлеу міндеті жүктелді.

1992 жылы 26 мамырда ҚР Президентінің Қазақстан Ұлттық Банкінің баспа фабрикасын құру туралы Жарлығы шықты. 1993 жылы маусымда бағалы қағаздар шығаратын цех жұмысын бастады, ол жерде қағаз тиындар шығарылды.

Қазір Банкнот фабрикасы жинаған тәжірибесі мен көпжылдық еңбектің арқасында өз полиграфиялық базасында әлемдегі сапа мен технологияның барлық стандартына жауап беретін банкноталар шығарады.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше, теңгенің дизайны ежелгі дәстүр мен заманауи технология сәтті үйлесім тапқан. Банкнот фабрикасы мен Теңге сарайы ұлттық валюта банкноталары мен монеталарын әзірлегенде ең озық технологияларды қолданады. Өндіріс сапасының жоғары деңгейі беделді көрмелер мен түрлі конкурстарда лайықты бағаланып келеді.

Қазақстанның монеталары мен банкноталары халықаралық нумизматикалық конкурстарда әрдайым жоғары баға алады. Мұндай байқауларға – бай тарихы бар және нумизматика мен монета соғу саласында жоғары мәртебеге ие монета сарайларының өкілдері қатысады.

Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге әлемдегі ең үздік валюта деп танылған. Теңгенің түрлі купюрасы үздік дизайн мен жоғары сапасы үшін түрлі марапатқа ие болды. Мысалы, ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай шығарылған 10000 теңгелік купюра 2011 жылдың ең үздік жаңа банкнотасы атанды. 5000 теңгелік купюра 2012 жылдың ең үздік жаңа банкнотасы деп танылды. Ал түркі жазуына арналған 1000 теңгелік купюра 2013 жылы үздік дизайны үшін марапатқа ие болды. Сонымен қатар, номиналы 20000 теңге болатын банкнота 2015 жылдың үздік өңірлік банкнотасы деп танылды.

Қазақстан Теңге сарайы 1992 жылы құрылды. Онда түрлі материалдардан, соның ішінде түсті металдардан, алтын мен күмістен ұлттық валюта монеталары шығарылады. Сондай-ақ өзге елдердің мемлекеттік наградалары мен медальдарын тапсырыспен әзірлейді. Қазақстан монета сарайы Англияның Корольдік монета сарайы сияқты танымал монета сарайларын біріктіретін Монета сарайлары қауымдастығының мүшесі.

Қазақстан – танталдан ғарыш өнеркәсібінде пайдаланылатын бағалы металдан монета шығарған жалғыз ел. Құрамында тантал бар ғарыш тақырыбындағы монеталар сериясы көптеген халықаралық марапатқа ие болған.

Қазақстан Ұлттық Банкі инвестициялық және коллекциялық монеталар шығарады. Инвестициялық монеталар күміс және алтын сияқты бағалы металдардан әзірленеді және аса құнды. Коллекциялық монеталар шектеулі тиражбен шығады. Олар жинауға арналған және нумизматтарды қызықтырады. Бұл монеталар тек төлем құралы ғана емес, сонымен қатар мәдени-ағартушылық және инвестициялық маңызға ие. Олар тарихи оқиғаларды, мәдени ескерткіштерді және әртүрлі салалардағы жетістіктерді еске салады. Қазір Қазақстан монеталары әлемдік каталогтан ойып тұрып орын алып, нумизматикалық құндылыққа ие болып отыр.

Қазақстан Ұлттық Банкі Қызылорда филиалы ұлттық валютамыз – Теңгенің айналымға енгеніне 30 жылдық айтулы күнімен қаржыгерлерді, банк қызметкерлерін және Теңгеміздің айналымға енуі кезінде аянбай еңбек еткен барша қызметкерлерді құттықтайды! Қазақстан экономикасының қаржы ахуалы артып, жылдан-жылға нығая беруіне тілектеспіз!

Қазақстан Ұлттық Банкі
Қызылорда филиалы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ
Қызылорда қаласы №52 27 қазан 2023 жыл

«Облыстық және аудандық бюджеттер, облыстық маңызы бар қала бюджеті арасындағы 2023-2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №154 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 45-бабының 4-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Облыстық және аудандық бюджеттер, облыстық маңызы бар қала бюджеті арасындағы 2023-2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы № 154 шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес «Халық қатысатын бюджет» жобасын іске асыруға бағытталатын бюджет қаражатының ең төмен көлемі ескерілсін.»;

аталған шешімнің 1, 2-қосымшалары алып тасталсын.

2. Осы шешім 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және 2026 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылады.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы Н.Байқадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының
2023 жылғы «27» қазандағы № 52 шешіміне
қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының
2022 жылғы «13» желтоқсандағы № 154 шешіміне
3-қосымша

«Халық қатысатын бюджет» жобасын іске асыруға бағытталатын бюджет қаражатының ең төмен көлемі

мың теңге

№	Атауы	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
1	Қызылорда қаласы	318 264,0	332 586,0	344 226,0
	Барлығы	318 264,0	332 586,0	344 226,0

Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін пайдалану

ҚР Жер кодексі, Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне құқықтар беру қағидаларына сәйкес азаматтарға жеке тұрғын үй салу үшін жер учаскелерін жеке меншікке тегін беру жер учаскелері игерілгеннен кейін жүргізіледі. Жер учаскелерін игеру кезеңіне дейін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен 3 жыл мерзімге азаматтарға кезектілігі бойынша табысталады.

Жеке тұрғын үй құрылысы үшін уақытша жер пайдалану құқығын алған азамат учаскені нысаналы мақсатына сәйкес 3 жыл ішінде игеруге міндетті және қандай да бір себеппен белгіленген мерзімде учаскені игеруге мүмкіндігі болмаған жағдайда жергілікті атқарушы органға жер пайдалану мерзімін ұзарту жөнінде өтінім беруге құқылы.

Жер кодексінің 37-бабы талаптарына сәйкес жер пайдалану құқығын ұзарту немесе жеке меншік құқығын рәсімдеу жөнінде өтінім Қызылорда қаласы әкімі, кент әкімі, ауылдық округ әкімінің атына жер учаскесін пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін 3 ай бұрын берілуі тиіс.

Белгіленген мерзімде өтінім берілмеген жағдайда азаматтың жер учаскесін пайдалану мерзімі тоқтатылады және оған әрі қарай жер пайдалану құқығын ұзарту немесе тұрғын үй салынған жағдайдың өзінде жеке меншік құқығын рәсімдеу мүмкін болмайды.

Жер пайдалану мерзімін ұзарту жөніндегі өтінім заңмен көзделген мерзімде ұсынылмай, мерзімі өтіп кеткен жағдайда мәселе тек сот тәртібімен шешілуге жатады.

Жоғарыда көрсетілгендерге байланысты Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер пайдалану құқығын алған азаматтардың жоғарыда аталған талаптарды ескеруі қажеттігін назарларыңызға жеткізеді.

Хабарлама бойынша қосымша анықтама алу үшін мекен-жайлар:

- Қызылорда қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі, мекен-жайы Қызылорда қаласы, Қ.Қазантаев көшесі №43, байланыс телефоны: 8(7242)277873, 278131
- Арал аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі, мекен-жайы Арал қаласы, М.Мақатаев көшесі №2б, байланыс телефоны: 8 (72433) 41262
- Қазалы аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі, мекен-жайы Әйтеке би кенті, Ж.Нұрмұхамедұлы көшесі №130, байланыс телефоны: 8(72438)79280
- Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі, мекен-жайы Жосалы кенті, Ораз Ахун көшесі №44, байланыс телефоны: 8(72437)21244
- Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі, мекен-жайы Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3, байланыс телефоны: 8(72431)31978
- Сырдария аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі, мекен-жайы Тереңөзек кенті, А.Алиакбаров көшесі №20, байланыс телефоны: 8 (72436) 21796, 79167
- Шиелі аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі, мекен-жайы Шиелі кенті, И.Әбдікәрімов көшесі №11, байланыс телефоны: 8(72432)35119
- Жаңақорған аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі, мекен-жайы Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі №44, байланыс телефоны: 8 (72435) 22372 .

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Облыстық «Сыр бойы» газетінің 2023 жылдың 09 қарашадағы №171 (20645) санында жарияланған «Мади Қажы атындағы» ЖШС-ның 200 құрылтайшыларының атынан берілген 09 желтоқсан 2023 жылы сағат 10:00-ге Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылының мәдениет үйінде жалпы жиналыс болатындығы туралы хабарландырудың күші жойылғандығын хабарлайды.

«Мади Қажы атындағы» ЖШС әкімшілігі

БСН: 040 440 019 227

Жарамсыз деп есептелсін

Суюнтаев Болат Капташовичтің атына Қызылорда облысының ішкі істер департаментінен 16.06.2014 жылы берілген №1501 зейнеткерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

Қызылорда механикалық жөндеу зауыты

1956 жылдың 16 қазанында Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Қызылорда механикалық жөндеу зауыты құрылды. Алғашқыда зауытта 9 адам жұмыс жасады.

1958 жылы зауыт министрліктен Оңтүстік Қазақстан халық шаруашылығы кеңесінің қарамағына берілді. 1961 жылы Қызылорда механикалық жөндеу зауыты автокөліктерге қосалқы бөлшек дайындайтын «Автотрактордеталь» зауыты болып аталды. Бұл жылдары зауытта 184 адам жұмыс істеді.

1963 жылы Оңтүстік Қазақстан халық шаруашылығы кеңесінің таратылуына байланысты «Автотрактордеталь» зауыты Автокөліктер өнеркәсібі министрлігінің, 1967 жылдың қазан айында Қазақ КСР Қоғамдық тәртіп сақтау министрлігінің қарамағына берілді. Сол жылдары зауытта жұмысшы-қызметкерлер саны 366 адам болды.

1969 жылы 23 қыркүйекте «Автотрактордеталь» зауыты Қазақстан ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу бірлестігіне қарасты Қызылорда механикалық жөндеу зауыты болып атауы өзгерді.

1969 жылғы 23 қыркүйектегі Қазақ КСР Министрлер кеңесінің қаулысымен 1970 жылдан 1986 жылға дейін Қызылорда механикалық жөндеу зауыты Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы техникасының мемлекеттік комитетіне қарасты болды. 1987 жылғы 21 қаңтардағы Қазақ КСР агроөнеркәсіп комитетінің бұйрығымен 1986 жылдан 1991 жылға дейін Қазақ КСР Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитетіне, 1991 жылдан 1993 жылға дейін «Казагрореммаш» мекемесінің қарамағында болды.

1994 жылы «Казагрореммаш» холдинг компаниясына қарасты Қызылорда агроөнеркәсіп қоғамы болып қайта құрылды. Зауыт автокөліктердің қосалқы бөлшектері, бау-бақша құрал-жабдықтары, темір шкафтар, тағы басқа өнімдер өндірді.

Облыстық архив қорынан

Ашық дерекқордан алынды

Ең қиын нәрсе – бұл адам баласының мінез-құлқының өзгерісі, сана-сезімнің сілкініп, мүлдем басқа бағытты таңдауы. Ал егер бұл тұтас қоғамның түйсіктанымына қатысты болса, қателеспесем, мұны саясаткерлер революция дейді, яғни ел өміріндегі маңызды мәселелерге байланысты тұтас халықтың түйсігінің түп-тамырымен өзгеруі.

Пенде болған соң ойланбай тұра алмайсың, «әттеген-ай» деп ойлап қоям кейде, Тәуелсіз ел болғанымызға 30 жылдан асып кетті. Осы біз неге әлі өзгере алмай келеміз, неге? Мысалы, тілге, ділге, дінге, мәдениетке, әдебиетке, жемқорлықсыз қоғамға, тазалыққа, тағысынтағы ондаған, мүмкін жүздеген мәселеге байланысты. Дәл осылай өте көп адамның да ойланатынына сенімдімін.

Әскерге әдепкі барғанымызда сап құрап сартылдатып жүруге үйреніп кете алмай, біраз күннен соң тегеурінді командирдің темір тәртібіне еріксіз мойынсұнып кететініміз сондай, саптағы жүздеген жауынгер бетон асфальтқа сарт-сұрт соғылып жатқан өз етіктерінің бірқалыпты, біркелкі зор дауысқа әрі бір дауысқа айналатын жағымды үндестік үніне құлақ салып көңілдерін мақтаныш сезімі кернейтін. Мұндайда командир «ногу взяли» деп дауыстап қоятын. Неге біздің ел әлі ұлы жолда сап түзей алмай келеді, әлде экономика, саясат деп жүріп рухани тәрбиеде кемшілік жіберіп алдық па екен? Мұндай ой маған қазан айының басында Қызылорда қаласында XI азаматтық форумға ауданнан қоғамдық ұйымның өкілі ретінде қатысып қайтқанымызда келді.

«Азаматтық қоғам және мәдениет: Қазақстанның жаңаруы бағытындағы құндылықтар мен басым бағыттар» деп аталған форумға өзге өңірлермен қатар облыс, аудандарының да үкіметтік емес ұйымдары қатысты. Форумның ашылуына арнап алғы сөзін айтқан аймақ басшысы келесі жылы Қызылорда қаласында және жеті ауданда руханият ғимараттары ашылатынын айтып өтті. Бұл жаңалықтың маңыздысы деп айтуға негіз бар. Түс ауа үкіметтік емес ұйымдардың ресурстық орталығында әртүрлі тақырыпта өткен секциялар жұмысындағы пікірталастардың ең бір өзектісі «Қоғамдық сананы өзгерту жағдайында экологиялық мәдениетке тәрбиелеу» тақырыбы болды. Осы жерде азаматтық қоғам өкілдері арасында қызу пікірталас орын алды, тақырып ақырып тұрғанымен, аталған айдарға орай көпшіліктің бір шешімге келе алмағаны анық.

Мен енді осы тұсқа Ислам пайғамбары Мұхаммед с.ғ.с.-ды араластырсам, біраз адамдар «бұл араға дінді қыстырудың қатысы қанша?» деуі әбден ықтимал. Сол қатысы болғасын қыстырып жатқаным ғой, әйтпесе, «тисе терекке, тимесе бұтаққа» дейтіндердің қатарынан емес едім. Ұлтымызды ұшпаққа шығарам деп жүріп жанын хаққа тапсырған Ә.Бөкейханов «ұлтқа қызмет ету – иманнан» депті, не деген көрегендік?! Көп адамдар ойлайды, иманды болу деген сөз ана дүниеге аттанғандарға ғана қатысты немесе маңдайды жерге ұрып сәждеге жығыла беру, бес парызым түгел болу екен деп. Әрине ол дұрыс, бірақ адам ең алдымен қара басының дұрыстығы үшін, отбасына, жақын-жуығына, ел-халыққа, ұлтқа, адамзатқа қызмет ету үшін, аспандағы айға алақаныңды тигізе алатындай білімің болғанымен, иман, сана тұгелденбейінше біліміңнің құны көк тиын. Бүгінгі қоғамда бұл анық білініп тұр. Қателеспесем, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ең алдымен экономика, содан соң саясат делінді. Шүкір ғой әрине, қымбатшылық болса да тоқшылық жақсы ғой, бірақ өкініштісі, рухани жоқшылық күш алып кеткен сияқты.

Бізде мәдениет туралы сөз қозғалатын болса, есімізге ең алдымен мәдениет басқармалары, мәдениет бөлімдері, әнкүй, әуен, музыка, тағысын тағы қызмет бабына байланысты ұғымдар ойға оралады.

Шындығында мәдениет, турасын айтқанда маданиат – араб сөзі, қала тұрмысы дегенді білдіреді және мұның ұғымы өте кең. Мәдениет сөзін түсініп қабылдаудың түп-төркіні ол – қаланың көркі, ондағы әсем ғимараттардың қалай болса солай емес, қоғамдық тәртіпке сай реттілікпен және үнемі қала ішіндегі және сыртындағы тазалықты сақтап, оны көтермелей отырып сап түзеп бой көтеруі. Қаладағы жүріп-тұрушы тұрғындардың да айналасына сай әдепті киініп, әдепті қылық көрсетіп, әдепті сөйлеуі, бірбірімен әдепті қарым-қатынаста болуы. Әрбір өзін мәдениетті санайтын қала тұрғынының тек қана сыртқы бейнесімен ғана емес ішкі жан дүниесімен де өзгелер үшін үлгі болуы. Мінекей, көп жерден оқып жүрген исламның мәдениет, қала тұрмысы туралы түсіндірмесі осындай.

«Адамзаттың асыл тәжі» кітабында надандықтың, дінсіздіктің, бір-бірімен сорақы қарым-қатынаста болудың, ластықтың іштей де, сырттай да алуан түрінің батпағына батқан Мекке халқын, Мекке тұрғындарын іштей де, сырттай да тазаруға, яғни сана төңкерісін жасап ислам дінін қабылдауға осыншалық лас ортадан біздің заманымыздың 622-жылы, ислам күнтізбесі бойынша 1-жылы Мекке кәпірлерінің қысымына төзе алмай амалсыз қоныс аударуға, Ясриб қаласына көшуге үндеген Мұхаммед пайғамбардың с.ғ.с. мәдениет туралы алғашқы бастамасы осындай болатын. Ол Ясриб қаласын көркейтуге күш салған, еш бәсекесіз әсем ғимараттардың ретімен бой көтеруіне шектеу қоймаған. Қалалықтарды әдемі киініп, әдемі жүріп-тұруға, барлық жағынан тазалықты тұтынуға, имандылықты ұстануға, Құдайдан қорқуға, «Мені ешкім көріп тұрған жоқ» деп ойына келгенін жасауына тыйым салған. Алланың елшісінің айтқанының растығына көзі жеткен Ясриб тұрғындары кейін оның құрметіне қаланы Мадина-ат ан наби немесе қысқаша Мадина, пайғамбар қаласы атандырды. Ал кейінірек, біздің заманымыздың 630-жылы бүкіл елдің қолдауына ие болып, Мекке қаласына зор салтанатпен, бірдебір адам шығынынсыз бейбіт түрде кірген Алланың елшісі бұл жерде де иманмен, лайықты еңбекпен ұштасқан бейбіт сана төңкерісін жүзеге асырды.

Өзімнің ойымша, өте көп адам ислам мәдениеті, оның еңбекке, ішкі, сыртқы тазалыққа байланысты ұстанымы туралы жеткілікті ақпараттандырылмаған немесе ол жөнінде мағлұмат алуды қажет деп санамауы мүмкін. Сақалды бей-берекет өсірудің, әйел затының басынан аяғына дейін қарамен тұмшалануының, қысқа балақтың, сол сияқты тағысын тағы көптеген тежеулі тыйым салулардың нағыз исламға он қайнаса сорпасы қосылмайды.

Арнайылап парақтап шыққан адамдар Исламның, Құран хадистерінің ғылым-білім ізденуге, адамгершілікке, ішкі сыртқы тазалыққа, өзгенің құқына құрметпен қарауға, фитна, яғни бүлік шығармауға, қиыншылықтарға барынша сабыр етуге, өзге дінге құрметпен қарауға, саналы серпілістің қоғам қажеттілігін қанағаттандыратын жемісті нәтижелерін қайырымен тұтынуға шақыратынын айқын түсінеді. Түсіністікпен қолдау білдіруге шын ниетімен ынта-жігер танытады. Мыңдаған кәсіп иесінің бірі болсаң да, мың жерден әлемнің бар оқуын тауыссаң да, ең алдымен сананы қалыпқа келтірмей, оны ортақ іске жұмылдырмай, барлық салада елдігіміздің еңсесі биік болады, өзге жұрттан мойнымыз озық болады деудің бәрі бекер.

Ең ықпалды халықаралық ұйым Біріккен Ұлттар Ұйымының биік минберінен Мемлекет басшысының: «Құран құқықтық тұрғыдан қорғалуы тиіс» дегеніне ішіміз жылып қалды және бұл мәлімдеме адамзат санасының сапалы жағына өзгеруіне оң үлес қосатынына әлеуметтік желідегі миллиондаған пікір білдірушілердің сенімін нығайтқаны анық.

Жоғарыда тілге тиек еткен азаматтық форумда да аймақ басшысының жеті ауданда руханият орталықтары ашылатынын сүйіншілеуі де тек қана экологиялық тазалық емес, барлық мәселеге байланысты уақытша кідіріске ұшырап тұрған сана дағдарысына соны серпін береді деген үміт бар. Лайым, солай болғай.

Әлімжан ҚИЯС,
Әйтеке би кенті

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

Ашық дерекқордан алынды

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – ақпарат дәуірінің талабы

Цифрлық сауаттылық бұл адамды өмірдің барлық саласында цифрлық технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындайды. Жаңа технологиялар халықтың өмір сапасын арттыруға жол ашады.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Былтырдан бері 10 қараша Цифрландыру және ақпараттық технологиялар қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып бекітілді. Өйткені IT бағытындағы мамандықтар саны жылдан-жылға артып келеді.

Мереке қарсаңында аймақтағы цифрландыру саласының бағыт-бағдары туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде облыс әкімі аппараты цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы Сәбит Ибадулла баяндап берді.

– Бұл кәсіби мерекенің енгізілуі цифрлық трансформацияны жүзеге асыратын мемлекеттік қызметкерлер, жоғары және орта білім беру ұйымдарының IT мамандары, IT кәсіпкерлер және IT нарығының қатысушылары үшін маңызды екенін айта кеткен жөн. Жуырда облыс әкімінің ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің қатысуымен Қазақстан бойынша алғашқы Жасанды интеллект және информатика жоғары мектебінің ашылу салтанаты өтті.

Мемлекет басшысының Astana Hub Халықаралық стартап технопаркінің тәжірибесін өңірлерде тарату тапсырмасына сәйкес наурыз айынан бері Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті және өңірлік IT парк базасында Kyzylorda Hub жұмысын бастады. Сондай-ақ, жастардың инновациялық идеяларын, стартап жобаларды қолдау мақсатында жыл сайын облыс әкімінің қолдауымен Pecha Kucha, Hackathon IT жобалар байқауы, жыл қорытындысымен InnoFest Qyzylorda ауқымды инновациялық жобалар фестивалі тұрақты түрде өтуде. Осы уақытқа дейін аталған іс-шараларға қатысушылар саны 8000-нан асты. Жалпы облыстың цифрландыру саласы 2018 жылдан бастап 9 бағыт бойынша түрлі жобаларды жүзеге асыруда. Соның ішінде процестерді автоматтандыру мен оңтайландыруда жақсы нәтиже берген 50-ден аса ірі жоба бар, – деді Сәбит Ибадуллаұлы.

Облыста «Smart City Kyzylorda Hackathon» идеялар байқауы өтеді. Байқаудың басты мақсаты – Start-Up жобалар мен талантты мамандарды іздеу. Нәтижесінде жеңімпаздар мен үздік қатысушыларға 900 мың теңге жүлде мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 3 оқу гранты табысталады. Ал желтоқсан айында InnoFest Qyzylorda инновациялық жобалар байқауын өткізу жоспарлануда. Фестивальдің негізгі мақсаты – облыс тұрғындарының IT саласына қызығушылығын арттыру және инновациялық IT жобаларды қолдау. Жүлде қоры 3 млн теңгені құрайды. Сонымен қатар білім гранттары беріліп, жоба серіктестері бағалы сыйлықтармен марапаттайды.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – АСЫЛ ҚАСИЕТ

Отанға деген құрмет алдымен әркімнің өз отбасында қалыптасады. «Сексеуіл» локомотив пайдалану депосы бастығының өндіріс жөніндегі орынбасары Еркебұлан Аяғанов – өнегелі отбасында өсіп-өнген ардақты азамат. Ол он жылдан астам осы салада абыройлы еңбек етіп, талай белесті бағындырып келеді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

Әкесі Бауыржан Аяғанов – «Құрметті теміржолшы» төсбелгісінің иегері, «ҚТЖ Жолаушы локомотивтері» ЖШС Сексеуіл аймағы бойынша бастығы. Ал анасы Дәметкен Аяғанова «Сексеуіл» емханасында медстатист болып еңбек етеді.

Үлгілі әкенің болмысы бала Еркебұланның болашақ мамандығын таңдауына себеп болды. Кішкентай күнінен теміржол жұмысының қиындығы мен жауапкершілігін сезініп өсті, болашағын осы саламен байланыстырды.

– Менің өткенім де, келешегім де теміржолмен тығыз байланысты. 2007 жылы «Сексеуіл» локомотив пайдалану депосында тепловоз жөндеуші болып еңбек жолымды бастадым. Күніне 40-қа жуық жолаушылар мен жүк пойызы «Сексеуіл» кенті арқылы өтеді. Солардың уақытылы жүруін қадағалап отырамын, – дейді ол.

Еркебұлан қызмет жолында өзін білікті ұйымдастырушылық қабілеті жоғары маман екенін дәлелдеді. Жаңа техникалық жабдықтарды өндіріске енгізуге білімі мен тәжірибесін жұмсап келеді. Осындай қажырлы қайратының арқасында өз саласындағы қызметкерлер арасында ұйымдастырылған «100 жас есім» байқауында үздіктер қатарынан көрінді. Еркебұланның айтуынша, «Қазақстан темір жолы» акционерлік қоғамы жас қызметкерлерінің білімін жетілдіру мен тәжірибе алмасуына қолдау көрсетіп келеді. «Самұрық Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының ұйымдастыруымен семинар-сабақтар өткізіліп тұрады.

Ол көшбасшылығы, атқарған еңбегі үшін құрмет грамотасымен марапатталды. Әріптестерінің арасында беделді, ұжымда зор құрметке ие. Сондай-ақ қайырымдылық акцияларына тұрақты түрде қатысып, тұрмысы төмен отбасыларға, оның ішінде ардагерлерге жеке қаражаты есебінен жәрдемдесіп келеді, мұны азаматтық парызы санайды. Қоғамдық істердің де ұйтқысы болуда ұдайы белсенділік танытып келеді.

– Жоқ-жітікке көмектесу, мүмкіндігі шектеулі жанға демеу болу – ерекше қасиет. Еркебұлан балам сол асыл қасиетті бойына сіңірген. Естігенімді емес, көргенімді айтайын. Ол аз қамтылған мұқтаж отбасыларға, жалғызбасты аналарға азық-түлікпен, киім-кешекпен, дәрі-дәрмекпен көмек көрсетуді ұмытпайды. Қасиетті Рамазан айында да қаншама отбасын қуантты. Осындай ірілі-ұсақты жасап жүрген жақсылықтары көп. Жақында емханаға түсіп қалғанымды естіп, өз қаражатынан дәрі-дәрмектерімді алып беріп кетті. Қуанып қалдым. Жақсылығы үшін аналық алғысымды айтамын, – дейді кент тұрғыны Зәуре Бәйменова.

Қайырымдылық – адам жанының нұры. Ол жұртшылыққа деген ықылас пен адамгершілік қарым-қатынастың жоғары деңгейін көрсетеді. Жақсылық жасау, қайырымдылық көрсету – асыл қасиеттің алғышарты. Осындай азаматтық ұстанымын биік қойған жанның мерейі әрқашанда үстем.

Құрметті қала тұрғындары!

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы жеке тұлғалардың мүлік салығының ағымдағы жылдың 1 қазанында аяқталғандығын еске салады. Сонымен қатар, көлік салығы бойынша да салық сомасын Мемлекеттік кірістер Комитетінің порталы, алдағы төлемдер «kgd.gov.kz» сервисінде, «E-salyq Azamat» мобильді қосымшасында, сондай-ақ, банктердің «Kaspi.kz» және «Homebank» мобильді қосымшаларында көруге болады. Мұнда Сіз салық сомасын төлей аласыз. Салық төлеу арқылы балаларымызға лайықты болашақ сыйлаймыз және елдің дамуына өз үлесімізді қосуға шақырамыз.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 22521 | Тапсырыс №1782 | Кезекші редактор **Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ**